Кітап барлық ұрпақтарға белгілі, жұмыста, білім алуда қолдануға ыңғайлы. Оның қасиеті қолдану қарапайымдылығында болып отыр. Ал кемшілігі – ақпараттың мәтіндік түрі. Онда көптеген жағдайларды мысалы, өнер туындыларын немесе қозғалыстың жүйелілігін толық түсіндіру мүмкін емес. Техникалық оқыту құралдары білім алушыға аудиовизуалды ақпаратты ұсынады. Бұл маңызды қасиет. Бірақ үш кемшілігі бар. Біріншіден, техникалық оқыту құралдары интерактивті емес. Ортасынан немесе басынан бастап қайта көру немесе есту ғана мүмкін. Екіншіден, бұндай құралдарда аудиодиск қолданылады, ал оларды плеерсіз тыңдау мүмкін емес. Үшінші кемшілігі – құрылғыны жүргізу әртексті. Тағы бір аспект – кітапты оқығанда ойлау және елестету дамиды, кітап аз да болса интерактивті – берілген беттері арқылы қажетті бөлімді оңай табуға болады. Сондықтан да, техникалық оқыту құралдары жоғары оқу орындарында информатиканы оқытуда қолданыс таппай отыр.

Электрондық ресурстар да аппараттық қолдауды, яғни компьютерді қажет етеді. Бұл кітаппен салыстырғанда олардың кемшілігі болып табылады. Өткен ғасырдың 80–жылдары компьютер тек символдық (әріптер, сандар) ақпаратты ғана емес, аудиовизуалды ақпаратпен жұмыс істеуді үйретті. Видеоқатар мен дыбыстық қатарларды сандық түрде кодтауды үйретті. Нәтижесінде, бүгінгі күні белгілі кез-келген ақпаратты: мәтін және сандық кесте, сурет және фотографиялар, анимация және видео, музыка және сөздерді физикалық деңгейде бірыңғай сандық кодта сақтау мүмкін болды. Ақпаратты көрсетудің барлық түрлері қосылған, бір тасымалдағышта ақпараттық өнімнің болуын білдіретін, «мультимедиа» деген термин пайда болды. Сәйкесінше, бұл өнім барлығына бірдей құрылғы – компьютерде көрсетілді.

Электрондық ресурстарды қолданып оқыту жаңа педагогикалық технологияның бір түрі болып табылады, ол педагогиканың негізгі заңдарына бағынады және білім берудің дәстүрлі дидактикалық ерекшеліктерін ұстанады, бірақ оқу ортасының жаңа шарттары мен критерийлерімен толықтырылады.

Оқыту тәжірибесі және психологиялық-педагогикалық зерттеулер оқытудың тиімділігі барлық мүшелер сезімдерінің белсенділік дәрежесімен тікелей байланысты екендігін көрсетті: оқу материалын қабылдау сезімі барынша әртекті болса, онда ол соншалықты нақты игеріледі.

Сонымен, информатиканы оқытуда жетістікті оқу құралы электрондық ресурстар болып табылады. Бұндай құралдар бірден бірнеше ақпараттық технологияларды қолдану негізінде іске асады. Соңғы уақытта Интернет әлемдік желілік құрылымына қолданушылардың белсенді қосылуы жүріп жатыр. Әлемдік инфрақұрылымды өзгерткен техникалық жаңалық гипермәтіннің жасалуы болды. Гипермәтін немесе гипермәтіндік құжат басқа

құжаттарға сілтеме бола алады, таңдалған жүйелілік ізімен мәтін элементін қолдана отырып, басқа құжатқа өте алады. Гипермәтін ойының әрі қарай дамуы гипермедиа болып табылады, яғни гипермәтін мен мультимедианың қосылысы, мәтінге график, дыбыстық қосылыс, видеофрагменттер

қосылған орта. Осы орталарда беттер арасында бір-біріне өту мәтіндер арқылы емес, бейнелер арқылы жүргізілуі мүмкін.

Гипермәтін мен гипермедианың мүмкіндіктері электрондық ресурстар жасауда тиімді қолданылып келеді. Гипермәтіндік басылымдардың көптеген түрлері бар. Олардың бір бөлігі – білім беру мақсатында қолданылатын кәдімгі қағаз басылымдар дубликаты. World Wide Web (WWW) – Интернет желісі арқылы ақпаратты қабылдауды жеңілдететін мәтін, графикалық иллюстрация, дыбыстық фрагменттер және анимациялар біріктірілген құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін технологиялар. Жалпы алғанда, WWW Интернет желісі қызмет ететін коммуникациялық негіз, ауқымды гипермәтіндік орта деп айтуға болады. Жаңа компьютерлік коммуникациялардың жоғары білім беру саласында оларды жемісті қолдануды қамтамасыз ететін сипаттамалары бар.

Олардың көмегімен, барынша үлкен қашықтыққа ақпараттың кез-келген көлемін жедел беруге, үлкен көлемді ақпараттарды компьютердің жадында оларды кез-келген уақытта қағазға шығарып алу мүмкіндігімен, ұзақ уақытқа сақтауға, интерактивтік байланыс көмегімен жедел кері байланыс орнатуға, Интернет желісінің арқасында түрлі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуге болады.

Білім беруде Интернет желісінің электрондық пошта, телеконференция, жіберу тізімдері (Mailinglists), электрондық оқулықтар, электрондық кітапханалар, WWW де ақпарат іздеу сияқты мүмкіндіктері кең қолданылып жүр. Электрондық пошта жаңа телекоммуникациялық құралдардың негізгі компоненті болып табылады. Электрондық пошта көмегімен берілген кез-келген қашықтықтағы адреске ақпараттың барлық түрлерін жіберуге болады. Оны жүзеге асыру үшін локальды компьютерлік желілерді немесе дәстүрлі телефон желісін қолдануға болады. Білім беру саласында электрондық пошта көмегімен бір мақсатта білім алатын түрлі топтардың өзара байланысы жүзеге асырылады. Олар республиканың әртүрлі аймағында немесе әлемнің түрлі елдерінде отырып, оқу, іздеу немесе зерттеу сипатындағы өзіндік жұмыстарын жүргізе алады.

Телекоммуникациялық қатынастың тағы бір түрі телеконференция болып табылады. Телеконференциялар екі түрлі әдіспен ұйымдастырылуы мүмкін. Бірінші әдісі электрондық поштаға негізделген және offline режимінде жұмыс істейді. Екінші әдіс Web серверге негізделген және online режимінде жұмыс істейді. Web серверде хабарландырудың электронды тақтасы деп аталатын арнайы орын болады. Бұл тақтаға қатысушылардың ойын тыңдайтын және мәселені талқылауға өздері де қатысатын қосылушылардың кез-келген саны бір мезгілде қосыла алады.

Әлемдік гипермәтіндік орта (WWW) көмегімен білім беру мекемелері өз қызметтері жайлы ақпараттарды жариялай алатын, WEB-беттер құру арқылы практикалық, ғылыми, әлеуметтік потенциалдарын жариялау мүмкіндіктеріне ие болады. WEB-беттер көмегімен қажетті ақпаратты іздестіруді жүргізуге болады. WEB-технологиялар Интернет желісінің кез-келген ресурстарына жеңіл қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сірә да қазір, интернет ауқымды желісінде табу мүмкін емес ақпарат жоқ шығар. Интернет өзінің көлемдері мен мүмкіндіктері жөнінен бірегей мәліметтер қоймасы болып табылады. Мұнда әлемдегі бар нәрсе туралы ақпараттың өте көп түрі сақталады. Сол сияқты, желіде білім беруде пайдалануға болатын интернет ресурстардың үлкен көлемі бар. Бұл сайттар интернетте үлкен сұранысқа ие. Білім беруде интернет ресурстары өте жиі қолданылады. Тіпті интернетті ақпарат көзі ретінде оқушылар мен студенттер де қолданады.

Интернет ресурстардың көп бөлігі тек қана мектеп бағдарламасына арналған. Әдетте бұл, әртүрлі шешімдер жинақтары, шпаргалкалар, дайын рефераттар, оқу әдебиеті. Алайда онда шынымен де қызықты ақпараттық ресурстар да кездеседі. Тіпті оларға емін-еркін қол жеткізуге де болады, яғни тегін алуға болады. Айтып кеткеніміздей, білім берудегі ақпараттық ресурстарды жоғары оқу орындарының студенттері де пайдаланып жүр. Себебі интернет кітапханадан іздеп табу қиын немесе кейде табу мүмкін емес ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Алайда білім берудегі интернет ресурстары – не туралы болмасын ақпаратты сақтайтын немесе дайын жұмыстарға арналған сайттар ғана емес. Жыл санап интернетте әртүрлі оқу орындарының білім беру ресурстарының көптеген саны шыға бастады. Бұл дегеніміз әртүрлі оқу пәндері бойынша кеңейтілген ақпаратты сақтайтын білім беру сайттары болуы мүмкін. Бірақ, сондай-ақ интернетте қашықтан білім беру жүйелері де берілген. Осындай интернет ресурстарының арқасында көптеген адамдар оқу орнына бармай-ақ, қашықтан оқу мүмкіндігін алды. Олар басқа қалаларда, тіпті басқа мемлекетте өмір сүрсе де осындай интернет ресурстар көмегімен білім ала алады, өйткені ауқымды компьютерлік желінің мүмкіндіктері шексіз.

Бертінге дейін біздің елімізде интернет шын мәнінде қол жеткізу қиын байлық қатарында болды, оны кез-келген адам өзіне қолдана алмайтын еді. Және бұл жерде мәселе қаржы жағында ғана емес, әрине қаржының да маңызы жоқ деуге болмайды, бірақ таза техникалық жағынан алғанда

адамдар интернетке барлық жерде қосыла алмайтын. Ауқымды желі жұмысы тек қана ірі қалаларда ғана іске татырлық болатын. Алайда соңғы кездерде жағдай түп-тамырымен өзгерді. Сөйтіп, қазір интернет әрбір үйде бар деуге болады және өте көптеген адамдар интернет ресурстарды өздерінің білім алуына пайдалана алады.

Интернет мектептегі білім беру мен жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін бірегей мүмкіндіктерді ұсынады. Ол білім беру ақпаратының таусылмайтын массиві ғана емес, сонымен бірге оны іздеу, өңдеу, қою құралы қызметін де атқарады. Интернет оқушының шығармашылық жағынан өзін-өзі шыңдауын, оның екпінді интеллектуалды және коммуникативті еңбегінің керемет көзі болып табылады, соның нәтижесінде оқушыда қажетті білімдер, біліктілікпен дағдыға ие болу мүмкіндігі пайда болады. Қазіргі уақытта Интернетте мектептегі білім беру мақсаттарындағы ресурстарды жасау және бір жүйеге келтіру үрдісі қызу жүріп жатыр. Білім беру веб-сайттары жаңа білім беру ақпараттық технологияларының маңызды элементі бола бастағандықтан, пән мұғалімдері мен әдіскерлерді Желінің дидактикалық потенциалымен, мұндай сайттардың оқушыларды тәрбиелеу мен білім беру мақсаттарында бере алатын мүмкіндіктерімен таныстыру маңызды. Білім беру ресурстарының әртүрлі классификациясы бар. Мектеп бағдарламасының әртүрлі пәндері бойынша оқу процесінде пайдаланылуы мүмкін Қазақстандық білім беру ресурстарының кейбірін атап өтсек, мысалға: Білім беруді ақпараттандырудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы <http://www.unesco.kz/rcie/>, Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана <http://www.rntb.kz>, Республикалық “Дарын” ғылыми-практикалық орталығы www.daryn.kz, “Балдаурен” республикалық оқу-сауықтыру орталығы baldayren.kz.

Аталған тақырыпты қарастыруда электронды білім беру ресурстарын олардың білім беру үрдісінде қолданылу белгілері бойынша классификациялау (әрине, бұл классификация интернет-ресурстарына да тиесілі) неғұрлым ұтымды. Оқушылардың өздік жұмыстары ресурсы. Бұл категория ресурстарына қойылатын талаптар: контингенттің жас ерекшеліктерін есепке алатын мазмұндау қарапайымдылығы, жоғары көрнекілік, оқыту бағдарламасына сәйкестік, оқушыға оқыту нәтижесін дұрыс бағалауға және ары қарайғы сабақтарды ұйымдастыру жөнінде ұсыныс алуға мүмкіндік беретін, білімін бақылау жүйесінің болуы. Мұғалімнің сабаққа дайындалуына арналған ресурстар. Бұл категорияны тағы да екі категорияға бөлуге болады: көрнекі материалдарды іріктеуге арналған және әдістемелік ресурстар. Ресурстардың бұл түріне қойылатын негізгі талаптар ондағы бар ақпараттың шынайы және мол болуы болып табылады.

Мұғалімнің өз білімін көтеру ресурсы. Ресурстардың бұл категориясына әртүрлі қашықтан оқыту сайттарын, сондай-ақ институттар мен қоғамдар т.б. сайттарын жатқызуға болады. Сабақта практикалық жұмысты ұйымдастыруға арналған ресурс. Мұнда виртуалды эксперименттерді, лабораториялық жұмыстарды т.с.с. өткізу үшін мультимедиялық технологиялар мен интернетті қолдануға мүмкіндік беретін ресурстар жатады. Пән бойынша сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру ресурсы. Бұл әртүрлі интерактивті викториналар, конкурстары бар, сондай-ақ қызықты тәжірибелерді ұйымдастыру бойынша материалдар т.б. орналастырылған сайттар. Қазіргі уақытта интернет-ресурстарды оқу процесінде пайдаланудың әдістері мен формалары жасалу үстінде. Әртүрлі пәндер бойынша оқу процесінде интернет ресурстарды қолдану бойынша «Интернет-білім беру сұрақтары (<http://center.fio.ru/vio>)» электронды журналынан табуға болады. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі бойынша интернет-ресурстар мен әдебиеттерге көптеген сілтемелерді «Ашық колледж (<http://www.college.ru/>)» сайтынан және басқа да интернет-ресурстарының білім беру каталогтарынан көруге болады. Мұндай электронды журналдар мен қашықтан оқыту курстарында интернет-ресурстарды қолдану арқылы өткізілетін презентация-сабақтар, зерттеу сабақтары, виртуалды эксперимент, лабораториялық сабақ, тақырыптық жоба, электронды викторина, білім бақылау, факультатив, желілік жоба, жекелеп оқыту, қосымша сабақ сияқты сабақтар түрлері ұсынылады. Әрине басқа да формалар болуы мүмкін, мысалы, «виртуалды экскурсия», желілік ойын, пресс-конференция, шығармашылық есеп-сабақ, қашықтық олимпиадалар, телекоммуникациялық жобалар және басқалар. Интернет ресурстары мұғалімдер үшін өзінің квалификациясын көтеру мақсатында қолданылуы мүмкін (желілік әдістемелік бірлестіктер, виртуалды педагогикалық кеңестер, қашықтан оқыту, желілік жобаларға қатысу т.б.) Қашықтан оқыту курстарында білім беру интернет-ресурстарын келесі түрде пайдалануға кеңес береді:

- сабақтарға дайындық жүргізуде, яғни, қажетті дидактикалық материалдарды ары қарай offline режиміндегі сабақтарда пайдалана алатындай жинақтау;
- желіден компьютерлік оқыту және модельдеуші бағдарламаларды ары қарай сабақта қолдану үшін көшіріп алу;

– желі ресурстарын пайдалану арқылы online режимінде сабақ өткізу, мысалға анимациялар, апплеттер немесе интерактивті виртуалды лабораториялар пайдалану арқылы сабақ өткізу;
– оқыту мен білім деңгейін тексеруді қашықтан оқыту сабақтары мен тесттері арқылы ұйымдастыру;
– оқушыларды үй тапсырмасын орындау үшін желінің білім беру ресурстарына бағыттау;
– оқушылармен сыныптан тыс жұмыстарда интернет-ресурстарды пайдалану, мысалы, жоба құруда; оқушылардың қашықтық олимпиадалар мен викториналарға қатысуын ұйымдастыру;
– ауқымды желінің ресурстарын әртүрлі телеконференциялар мен виртуалды педагогикалық кенестерге қатысу арқылы немесе чаттарда және электрондық почта арқылы әріптестермен пікір алмасып, сондай-ақ әдістемелік бірлестіктер сайттарында орналасқан көптеген материалды оқып-үйрену арқылы өзіндік кәсіптік деңгейді көтеру үшін пайдалану.

Жалпы ақпараттық білім беру мен интернет-ресурстарды оқу үрдісінде қолданудан күтілетін нәтижелер: Білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі; Түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі аймақ өкілдеріне білім алу мүмкіндігінің тең дәрежеде болуы; Үздіксіз білім беру жүйесін қолдау; Білім беру процесінің тиімділігін арттыру; Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі үшін компьютерлік технологияны қолдану арқылы ақпаратты сақтау және өңдеу жұмысының тиімділігінің артуы; Оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқytудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы; Педагогтар мен оқушылардың 21 ғасырдың ақпараттық технологиясына инновациялық және базалық дайын болуы. Оқушылардың оқу материалын көрнекі мультимедиялық құралдарды қолдану арқылы жақсы меңгеруі; Ақпарат ресурстарына локальді желі немесе Интернет арқылы шығуы 21 ғасырдың медиасуаттылық, сын және жүйелі ойлау, шығармашылық міндеттерді шешуге қабілеттілігі, командада жұмыс жасай білу, дербестік, терең ойлай білу, азаматтық сананың болуы сияқты қасиеттерден тұратын сапасы мен білігінің даму деңгейі; Әлемдік білім беру кеңістігінде кіріктірілу; Халықтың оқу мекемелері ұсынған білім беру қызметінің кешенімен қамтамасыз етілуі; Педагогтар мен оқушылардың оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының, оқу әдістемелік кешенмен және т.б. еркін таңдауының қамтамасыз етілуі;

Оқытушылар мен оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекет мотивациясының, қарым-қатынас мотивациясының, қол жеткізу мотивациясының жоғары деңгейі.

Әдебиеттер

1. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б., Даулетқұлов А.Б. Информатикадан 30 сабақ. Алматы. 1998 ж.
2. Бочкин А.И. Методика обучения информационному поиску. Инфо.-2000. N 3.
3. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики. Учебное пособие. Минск.: Вышэйшая школа, 1998 г.
4. Информатикадан Мемлекеттік білім беру стандарты. 7-11 класс. Алматы, 1998 ж.
5. Каймин В.А. Курс информатики: состояние, методика и перспективы. Инфо. – 1990. N 6.
6. Лапчик М.П. Информатиканы оқыту методикасы. Аударған Қ.С. Абдиев. // Алматы, 1994 ж.
7. Леднев В.С., Кузнецов А.А., Бешенков С.А. Состояние и перспективы курса информатики в общеобразовательной школе. Инфо. – 1998. N3

Резюме

В статье исследованы вопросы о Роли электронных ресурсов в информатизации образования

Summary

In the article questions about the Role of electronic resources in the informatization of education

Умбетов А.Ж., Маханбетов А.Ж., Копжасаров И.Ж.
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан
adilkhan_92kz@mail.ru

НАСТРОЙКА OPC-СЕРВЕРА ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ АСУТП ВЫПАРИВАНИЯ ПЛАНТАГЛЮЦИДА

Резюме

GENESIS32 является комплексом клиентских и серверных приложений, основанных на технологии OPC (OLE for Process Control – технология связывания и внедрения объектов для промышленной автоматизации), которые предназначены для разработки прикладного программного обеспечения визуализации контролируемых параметров, сбора данных и оперативного диспетчерского управления в автоматизированных системах управления технологическими процессами.[1]

Использование современных ПК с применением этого пакета прикладных программ позволяет реализовать задачу управления процессом с высокой надежностью и точностью, централизовать функции контроля за процессом и сделать их гибкими в применении.

Ключевые слова: плантаглюцид, Genesis 32, АСУТП, выпаривание, OPC, VBA, SCADA.

Мнемосхема процесса производства плантаглюцида служит для отображения технологических параметров. Для этого параметр связываем со специальной переменной, а после переменную связывают с графическим элементом.




Рисунок 1 – Мнемосхема процесса

Набор средств автоматизации и программного обеспечения называется OPC-сервером, который связывает программного обеспечения с контроллером. Именно он служит для считывания данных с датчиков из определенного адреса контроллера, и для записи значения в переменные процесса.[2]

Составим список параметров, участвующих в технологическом процессе. Для этого нужно задействовать все переменные процесса.

Запустим OPC Simulator, с помощью которого создаем список переменных.




Рисунок 2 – Окно программы OPC Simulator

Нажмем на первую кнопку, находящуюся слева на панели инструментов, для создания нового раздела. Введем название раздела (рисунок 3).




Рисунок 3 – Окно ввода имени

Для создания группы нажмем на вторую кнопку. Она служит для логического разделения тегов.




Рисунок 4 – Создание нового раздела




Рисунок 5 – Окно ввода имени группы

Для создания нажмем третью кнопку на панели инструментов.




Рисунок 6 – Окно свойств тега

Укажем имя тега = Start. Также необходимо указать дополнительные параметры тега. Выберем тип переменной BIT из списка Data Type. Установим переключатель на Read/Write в группе Access. После всех изменений нажмите на кнопку ОК, в окне программы, в центре появится созданный тег. Таким же образом необходимо создать все теги процесса.

Таблица 1 - Теги раздела Parilka

Группа	Тег	Тип тега	Описание
	Start	BIT	Статус процесса
Tank1	L1	FLOAT	Уровень в реакторе P1
	Mixer1	BIT	Мешалка в реакторе P1
	P1	FLOAT	Давление в реакторе P1
Tank2	L2	FLOAT	Уровень в фильтре
Tank3	L3	FLOAT	Уровень в реакторе P2
	Mixer2	BIT	Мешалка в реакторе P2
	P3	FLOAT	Давление в реакторе P2
Tank4	L4	FLOAT	Уровень в мернике M1
	P3	FLOAT	Температура в мернике M1
Tank5	L5	FLOAT	Уровень в мернике M2
	P4	FLOAT	Давление в мернике M2
Tank6	D1	FLOAT	Плотность упаренного раствора
	DZ1	FLOAT	Заданная плотность
	F1	FLOAT	Расход исходного раствора
	L6	FLOAT	Уровень в выпарном аппарате
	P5	FLOAT	Давление в выпарном аппарате
	PZ5	FLOAT	Заданное давление в выпарном аппарате
	T1	FLOAT	Температура в выпарном аппарате
	TZ1	FLOAT	Заданная температура в выпарном аппарате
Values	K1-K16, K18, K19	BIT	Клапан
	K7, K20 – K21	FLOAT	Регулируемый клапан

Задание начальных условий процесса в сценарии VBA

OPC-сервер устроен таким образом, что в процессе своей работы он запоминает прошлое состояние всех тегов процесса. Например, в процессе выполнения экранной формы уровень в реакторе P1 изменился и стал равным 0,2 метра. После останова экранной формы, это значение запоминается OPC-сервером и при следующей загрузке экранной формы уровень будет не 0 метров, как должно быть, а 0,2 метра, т.е. старое значение.

Для того, чтобы этого избежать, т.е. при каждой загрузке экранной формы все переменные были установлены в начальное состояние, необходимо написать сценарий VBA, который бы выполнялся каждый раз при загрузке экранной формы.

Сценарий VBA пишется в встроенном редакторе Microsoft Visual Basic, который запускается при нажатии сочетания клавиш Shift+F11. В окне редактора VB сверху из выпадающего списка выберите объект GwxDisplay, а из другого выпадающего списка выберите процедуру PreRuntimeStart. Эта процедура выполняется всегда в тот момент, когда экранная форма переводится в режим исполнения (загружается).

Для того чтобы эта процедура работала необходимо подключить объекты доступа OPCAutomation 2.0. Это объекты, отвечающие за связь с OPC-сервером. В окне редактора VB выберите пункт «References...» из меню «Tools». В появившемся списке отметьте пункт «OPCAutomation 2.0». После чего нажмите кнопку ОК, а затем сохраните весь проект. Сделанные изменения будут действовать только для данного проекта.

После запуска экранной формы запустится эта процедура и установит все теги в начальные состояния.

Литература

1. Арыстанбаев К.Е., Умбетов А.Ж. «Разработка информационного обеспечения автоматизированной системы управления процессом выпаривания в производстве плантаглоцида при помощи программного обеспечения ICONICSGenesis 32». // Международный научный журнал «Молодой ученый», № 4 (108), г. Казань, 2016 г., стр. 11-15
2. Электронный справочник по Genesis 32 версия 6.0, <http://www.prosoft.ru>

Түйін

GENESIS32 технологиялық процесстерді автоматтандырылған басқару жүйелерінде бақылау параметрлерін визуализацияның қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыру жасау, деректер жинау және жедел диспетчерлік басқаруға арналған OPC технологиясында негізделген клиенттік және серверлі қосымшалар кешені.

Осы қолданбалы бағдарламалар пакетін пайдалануымен заманауи ДК қолдану жоғары дәлдік және сенімділікпен процесті басқару мәселелерін жүзеге асыруды мүмкіндік береді; процесті бақылау функцияларын орталықтандырады және пайдалануға икемді етеді.

Summary

GENESIS32 is complex of client and server applications based on OPC technologies (OLE for Process Control – technology of binding and implementation of objects for industrial automation) which are intended for development of visualization's applied software of controlled parameters, data collection and operational supervisory control in technological processes' automated control systems.

Use of the modern PCs using this application program package allows to realize the task of process control with high reliability and accuracy, to centralize functions of monitoring over process and to make them flexible in use.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

ӘОЖ.130

Адилханов Н.А., Нурызбаев С.М.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

Түйін

Мақалада қазақ кино әлеміндегі фольклорлық дәстүрлер мен мәдени ерекшеліктер сөз етілді.

Кілттік сөздер: Кино, фольклор, халық, фильм, экран

Кино мен фольклордың байланысы ұжымдық, синтетизм мен анонимдік (көркемдеу тәсілдерінің бірқатар түрлерінің анонимдігі) секілді сипаттамалары арқылы көрінеді. Біз кинотанушылар мен кинопрактиктердің фольклористикаға, ауызша мәтінді ұйымдастыру тәсіліне, айталық фольклорлық метафораға, яғни «бір заттың белгі-сапасын келесі заттың белгі-сапасына ауыстыру тәсіліне», және фольклорлық астарлы сөйлеудің, яғни бір бейнені басқа бейнемен алмастыру тәсіліне қаншалықты көңіл аударғанын зерттеуге талпындық. Фольклорлық мәтін экранизациялануға әрең көнеді, алайда алмастырудағы қиындықтар кинотілдің дамуына, кинематографиялық көркемдік құралдарын жаңарту мен кеңейтуге сеп болады. Кино мен фольклорда уақыт концепциясында айтарлықтай ұқсастық бар. Егер фольклорлық сюжет кейіпкердің қартаймайтынына ерекше ден қойса, кейіпкердің қасиеттері экранда өзгеріссіз қалады: «тасқа айналған эпитеттер» халық шығармаларында оны тасушысы арқылы қатаң бекінеді. Дәл осындай тұрақтылықты кинодан да көруге болады. Кеңестік киноертегілердің дамуы экрандық эпикалық дәстүрлермен тығыз байланысты [1, 55-б.]. Киноны фольклоризациялау үдерісі қарқынды әрі нәтижелі бола түсті. Дәуірдің ең басты идеологемдері фольклордың жанрлық тәжірибесі мен сюжеттік сарынына сүйеніп, сенімді эстетикалық негізге ие болды. Фольклорлық эстетиканың негізінде революция көсемдері, азаматтық соғыс кейіпкерлері мен бастырларының бейнелері жасалды. Балалар киносында Ленин, пионерлер туралы әңгімелер бейнеленді.

1945 жылы Алматы дербес киностудиясы құрылғаннан бір жыл өткен соң студияда «*Абай әндері*» (сценарий авторлары – М.Әуезов пен Г.Рошаль; режиссері – Г.Рошаль) фильмі түсіріледі. Фильм киностудияның ең алғашқы туындысы болып есептелді. Кинокартинада қазақ халқының типтік бейнелерін, қазақ өмірін, күнделікті тұрмысын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын ашық көрсетті. Қазақтың Абай есімді ұлы ақынының өмірінің соңғы он жылы туралы фильмде ақынның шығармашылық шарықтау шыңы мен талантты шәкіртерінің өмірі мен шығармашылықтары паш етіледі. Сөйтіп қазақтың мәдени құндылықтары, ерекшеліктері осы фильмде тамаша сипатталады.

«Абай әндері» фильмінен кейін үш жыл өткен соң, яғни 1948 жылы қазақтың мәдени ерекшелігін сипаттаған «*Алтын мүйіз*» (режиссері – Е.Арон) фильмі түсіріледі. Фильмде мал шарушылығы саласында ізденіп жатқан ғалымдар өмірі арқылы қарапайым қазақ адамының күнделікті тұрмыс-тіршілігі, қазақы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сипатталады.

1952 жылы жарық көрген «*Жамбыл*» (сценарий авторлары – Н.Погодин, Ә.Тәжібаев, режиссері – Е.Дзиган) фильмі түсірілді. Фильмде Жамбыл ақынның ұзақ өмір жолы сипатталады. Жамбылдық биографиялық өмірі – қазақ халқының тарихы іспеттес. Фильм авторларының алдында өте күрделі міндет тұрды: бір фильм ішіне Жамбыл мен бүкіл халықтың өмір тарихын сидыру болды. Кейіпкердің өмірі екі кезеңде қарастырылды: біріншісі – Революцияға дейінгі Қазақстандағы ақын өмірі, екіншісі – Кеңестік үкіметтің орнауынан кейінгі қазақ өміріндегі ақынның рөлі. Фильмде Жамбылдың мінез-құлығы мен іс-әрекеті арқылы халық даналығының өткірлігі тамаша суреттелген. Бұл фильм арқылы жас қазақ ұлттық кинематографиясы үлкен масштабты фильм түсіре алатынын дәлелдеді [2, 47-б.].

Қазақ халық эпостарының желісімен әдеби туындыларды экранизациялау жұмысы да жолға қойылды. Бірінші әдеби шығармаларды экрандау Г.Мүсіреповтың «Қозы-Көрпеш-Баян-сұлу»

драмасы бойынша басталды. Халық ауыз шығармалары негізіндегі бұл пьеса – қазақ драматургиясының басында тұрған бірден-бір туынды болатын. Баянның ірі және күшті байсалдығы, терең сезімі мен кейіпкердің құштарлығы, өткір қарама-қайшылық – қазақ азаматының бойында табылған қазақы мінездер. Эпос пен пьесаның лейтмотиві – махаббат бақыты пен қайғысы өнердегі мәңгілік тақырып еді [3, 87-б.]. Алайда «**Махаббат туралы аңыз**» – кинематографияның шығармашылық жағын емес, техникалық мүмкіндігін жан-жақты пайдаланған, экранизация емес, кинопенкаға түсірілген спектакль болып шықты. Кинотанушы Б.Нөгербек «Махаббат туралы аңыз» фильмін – қазақ ұлттық киносының бастамасы деп қарастырады [4, 31-б.].

Бас режиссер – П.Боголюбов пен режиссер көмекшісі С.Ходжиковтың 1955 жылы түсірілген «**Шабандоз қыз**» музыкалық комедиясы қазақтың ұлттық кино өнерінде өзіндік орын тепкен туынды деп бағаланды. Біріншіден, бұл – Алматы көркемсуретті және хроникалық фильмдер студиясында түсірілген алғашқы түрлі-түсті фильмдердің бірі болса, екіншіден сол заманғы қазақ халқының тұрмысы мен таным-түсінігін, қазақи ауылды халықтар достастығы негізінде көрсеткен туынды болды [3, 33-б.].

1960-70 жылдары қазақ киносы жанр және тақырып аясы тұрғысынан кеңейе түскен тұста экранға шыққан фильмдерде қазақы ұлттық мінез-құлық, ұлттық нақыш, ұлттық наным-сенім барынша шынайы суреттелді. Мәселен, «**Дала қызы**», «**Ботакөз**», «**Қилы кезең**» (1966 ж.), «**Біздің Ғани**» (1972 ж., режиссері – А.Қарсақбаев), «**Бандыны қуған Хамит**» (1979 ж., режиссері – А.Қарсақбаев), «**Отқа оралған Орал**» (1975 ж., режиссері – М.Бегалин) фильмдерінде қазақ даласына жайлай бастаған қоғамдық жаңалықтар мен әбден қанға сіңген ұлттық наным-түсініктер арасындағы алғашқы қақтығыс сипатталды.

Халықтық эпос тарихи тақырыптағы фильмдер секілді этностың тарихын негіз етеді. Эпикалық стереотип жастарды батырлық бейнелерге, халық мәдениетіне баулуға, сондай-ақ олардың бойында патриотизмді тәрбиелеуге ең оңай тәсіл саналды. Мәселен, В.Пасурмановтың «**Тогызыншы ұлдан сақтан, жасу!**» фильмін қараңыз. 1984 жылы «Қазақфильм» студиясында түрлі-түсті 69 минуттық фильм түсірілді.

Фольклор жанрының экрандағы бейнеленуі Ш.Аймановтың трагикомедиялық жанрда түсірілген «**Алдар көсе**» (сценарий авторы – Л.Варшавский) фильмі болды. Әрине, әлі күнге дейін Алдар көсенің тарихи тұлға не шынайы кейіпкер болғаны туралы нақты дерек жоқ. Соған қарамастан, Алдас көсе қазақтың халық ауыз шығармашылығындағы ең басты әрі жиі қолданылған тұлға болды. Әрбір қазақ ауылында, жайлаудағы әрбір киіз үйде Алдар-көсе жайында әңгімелер бейне бір жарқын танысы туралы сөз етілгендей, жиі айтылып отыратын [4, 87-б.].

Экрандық-фольклорлық байланыстарды күрделендіру ісі біртіндеп жүзеге асты. 1970 жылға қарай ұлттық кино халықтық аңыз-әңгімелер мен салт-дәстүрлерді экранизациялаудың ең биік шыңына көтерілді. С.Ходжиковтың екі сериялық «**Қыз-Жібек**» фильмі (1970) – сол замандағы ең қымбат, яғни қаражаты көлемді кино болып, көрермендердің қатысуы бойынша рекорд жасады. Қазіргі кино терминологиясы тілімен айтсақ, «блокбастер» деп бағаланды. «Қыз-Жібек» – махаббат туралы кинокартина, алайда біздің талдауымыз үшін маңыздысы – қазақ халқының салт-дәстүрлерінің көрсетілуі. Кинода декоративті-қолданбалы өнердің фольклорлық құндылығы, ауызша поэтикалық дәстүрлер айқын көрініс беріп, көшпелі қазақ халқының дүниетанымы мен менталитеті тама сипатталған. Әлі күнге дейін «Қыз-Жібек» жоғары сұранысқа ие кино дәрежесінде қалып, ұлттық киноклассика деп танылады: киноны әлемнің кез келген елінде өмір сүретін әрбір қазақ біледі [5].

Фольклорлық дәстүрлердің продюсерлік кинодағы көрінісіне мысал ретінде «**Көшпенділер**» (2005 ж.) атауға болады. Алғашында бұл фильм қазақ елін жоңғарлардың басқыншылық соғыстарына қарсы бастап, елдің тәуелсіздігін сақтауға барынша атсалысқан танымал қазақ ханы Абылай хан туралы тарихи туынды болуы керек еді. Алайда, халықаралық кинопрокат үшін арнайы дайындалған блокбастер ретіндегі киножоба фильмді голливудтық тарихи блокбастер шаблондарымен түсіруге алып келді [3, 44-б.].

Сөйтіп, көптеген танымал қазақ ойындық киносында экрандық дәстүрлер фольклорлық дәстүрлермен тығыз байланысқанын айтуға болады. Экрандық-фольклорлық дәстүрлерді қолданудың цитаталық жасырын деңгейі қазіргі фильмдердің барлығында кездеседі. Қазіргі заманғы кейбір киноларда тіпті фольклорлық дәстүрлер айқын көрініс бергенін осы тараушада дәлелдеп көрсеттік. Сондықтан, ойындық киноның политуірлік, колицитаталық формасы экрандық-фольклорлық байланыстардың цитаталық деңгейіне толық жауап береді деп қорытынды жасаймыз.

Әдебиеттер

1. Городские субкультуры как источник образности современного детского кино // Вестник Университета Российской академии образования. –2010. – 128 бб.
2. Кино Казахстана. – Алматы, 1998. – 303 б.
3. Масуренков Д. [Кинематограф: искусство и техника](#) (рус.) // «MediaVision»: журнал. – 2011. – № 6. – 75 б.
4. Ногербек Б. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы: RUAN, 2008. – 376 б.
5. www.scit.boom.ru
6. www.wikipedia.org.ru
7. www.film.risunok.com.

Резюме

В статье рассматриваются фольклорные традиции и культурные особенности в казахском кино.

Summary

Folklore traditions and cultural peculiarities in Kazakh cinema are considered in the article.

ӘОЖ 793.3

Бакирова С.А. – магистр , **Мырзаев С.А.**-магистр.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІНДЕГІ ҰЛТАРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Түйін

Ұлт пен ұлыстың татулығы бүгінде елдегі қоғамдық ынтымақтастықты сақтап отыр. Ұлтына және діни сенімдеріне карамастан, достық пен сенім, ынтымақтастық пен ауызбіршілік біздің отандастарымыздың барлығына тән. Бұл біздің бірлігіміздің негізі, біздің тұрақтылығымыз бен рухани күшіміздің қайнар көзі, ертеңгі күнге деген сеніміміз.Еліміздің тарихына терең үңіліп, ұлттық дәстүр мен мәдениетті, ана тілімізді сақтау, дамыту және ұлтаралық ынтымақтастық пен сабақтастықты өркендету.

Кілттік сөздер:Тарих, халық, ұжым, би, ән, Қазақстан

Ұлтаралық қатынастың жақсы жолға қойылуы, халықтар достығының нығаюы, біздің Қазақстан сияқты көп ұлттың өкілі тұратын, демократиялық жолмен дамып келе жатқан республика үшін өте қажет. Бір шаңырақ астында ұлт пен ұлыстар достығының белгісінің айғағы ретінде келесі, 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды. Осы орайда ынтымақтастықты қалыптастыру барысында өнердің алатын орны ерекше десек Қазақстанда еңбек етіп жатқан би ұжымдарының да алар орны бар.

«Салтанат», «Алтынай», «Наз», «Шалқыма» би ұжымдары еліміздегі өтетін бұқаралық, мәдени, мерекелік іс-шаралардың белсенді қатысушылары. Сондай-ақ халықпен бірге жалғасып келе жатқан ұлттық би өнерін көптеген шет мемлекеттерде насихаттауда зор үлес қосқан би ұжымдары.

"Салтанат"биансамблі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер ұжымы. 1955 жылдан Қазақтың мемлекеттік ән-би ансамблі ретінде ұйымдастырылып, 1989жылдан “Салтанат” би ансамблі болып қайта құрылған. 1996 жылдан ансамбльдің көркемдік жетекшісі әрі бас балетмейстері Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Г.Орымбаева. “Салтанат” өнерпаздары қазақ билері, классикалық, басқа да ұлттардың би техникасын жетік игерген. “Салтанат” би ансамблінің концерттік бағдарламасын республиканың түкпір-түкпірінде, сондай-ақ АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Болгария, Италия, Түркия,Қытай, Ресей, т.б елдердің көрермендері тамашалаған.

Қазіргі таңда «Салтанат» би ансамблі ұлттық хореография мәдениеті мен әлем хореографиясының сан алуан бай мұрасын толыққанды дәріптейтін бірегей кәсіби би ұжымы болып табылады.

Ансамбльдің ұлттық қойылымдарында Қазақстанның жаңа өмірі, кең даланың әсем табиғатының қайталанбас көріністері мен салт-дәстүрімізді дәріптесе, ал әлем халық билері бағдарламасында біздің Отанымыздағы халықтар достығы көрініс табады. Ансамбль репертуарында әлем халықтарының мәдениетін, ұлттық нақышын бейнелейтін 150 ден астам әр түрлі ұлттардың халық билері бар.

1986 жылы Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның жанынан «Алтынай» фольклорлық этнографиялық би ансамблі құрылған. Қазақ өнері тарихындағы халықтық-фольклорлық бағыттағы тұңғыш би ұжымы.

ҚР еңбек сіңірген әртісі, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор Т.О. Ізім өзінің еңбегінде «Тарихи билердің сахналанып, мәдени өмірімізге енгені кеше ғана секілді еді. Дегенмен уақыттың өтпелі кезеңдерінде ансамбльдің шығармашылық деңгейінің әртүрлі болғанына қарамастан өз бағыт бағдарын жоғалтпай келе жатқан өнер ұжымының құрылғанына да жиырма жылға жуық уақыт болыпты. Ізденіс жолында жетістіктер мен сәтсіздіктерге ұшырау, экспериментке бару осы жылдар ішінде «Алтынай» ансамблінің шығармашылығында орын алған құбылыс. Сондай жетістіктің бірі 1987 жылы көрерменге ұсынған «Қазақстанда тұратын ұлттардың халық билері» бағдарламасы. Осы бағдарламада орыс халқының биі «Бычок» О. Всеволодская-Голушкевич, корей халқының биі «Борымдал» Р.Ким, ұйғыр халқының биі «Мұқам садасы» Г.Сайтова, «Украин халық би сюитасы» О. Всеволодская-Голушкевич, «Неміс би сюитасы» О. Всеволодская-Голушкевичтің қойған билері көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, 1989 жылы Бельгияның Турне қаласында өткен халықаралық би фестиваліне қатысып лауреат атанды. Украинада, Өзбекстанда, Астрахань қаласында, Мәскеу облысында өткен Қазақстанның әдебиеті мен өнері күндеріне қатысып, жоғары баға алған өнер ұжымы» - деп жазады[1, 24 бет]. «Алтынай» би ансамблінің өнері, бағдарламасы, даму жолының қазақ би өнерін дамытуда, өнерімізді өзге елдерде танытуда зор үлес қосып келеді.

Сонымен қатар кәсіби би ұжымдарының ішінде алдыңғы қатардағы орынды алып, елімізде өтіп жатқан барлық мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шаралардың белсенді қатысушысы, өнер майталмандары - «Наз» мемлекеттік би театры. Түркия, Мәскеу, Қытай, Оңтүстік Корея, Болгария, Греция, Катар, Бельгия, Голландия, Франция, Араб және Норвегия мемлекеттерінде ұлттық би өнерін насихаттап, қазақ биінің сұлулығы мен сымбатын танытып, тұғырын биік ұстап келе жатқан ұжым «Наз» мемлекеттік би театры. Алғашында «Наз» халық би ансамблі болып 1999 жылы Астана қаласы мемлекеттік филорманиясы жанынан құрылып, 2007 жылы 1 наурыздан бастап қала әкімшілігінің шешімімен «Наз» мемлекеттік би театры» МКҚК болып өз алдына бөлек шаңырақ құрды. Театр репертуарында «Ұйғыр» биі Г.Саитова, түрік биі «Ана долы» Б.Тлеубаева, орыс халқының биі «Кадриль» С.Дүзбаев, испан биі «Кабальрос» С.Дүзбаев, «Мерекелік Қытай биі» С.Қали, украин халық биі «Женихи» Ляпаев, Бразиль халық әуеніне қойылған «Латино» А.Ким, Аджар халық әуені «Харуми» Т.Шаруков, Шығыс әуеніне «Гарем» М.Алиева. Орыс халық әуеніне «Богатая невеста» С.Дүзбаев қойған билерінде әр халықтың салт-дәстүрін, тыныс-тіршілігін би өнерінде өрнектеген [3,88 бет]. 2001 жылы ІІ республикалық Ш.Жиенқұлова атындағы қазақ би конкурсының лауреты, 2001 жылы Халықаралық ІV «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің бас жүлдегері атанды. 2002 жылы Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, 2004 жылы Қытайда өткен сайыста «Алтын мүсін» иегері атанып, 2008 жылы Голландияда өткен «Worldfestival Parad Brunssum» фестивалінің сертификатымен марапатталды. Дәл осы жылы нидерландтар елінде өткен интернационалдық фольклор фестивалінің дипломын, 2010 жылы еліміздегі Египет Араб Республикасының өзара ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесіміз үшін алғыс хатпен марапатталды.

«Би - әрбір халықтың бастан кешкендерін, сезімдерімен оқиғаларын анық жеткізетін, халықтың жанының бір бөлшегін бойына сіңірген мылқау поэзия», - деп И.Моисеев айтқандай би өнері халықтың тұрмысын бейнелі түрде баяндап, халықтың ойын, сезімін толғаныстарын ұлттық пішінде жеткізу құралы. Бұл пішін нақты мазмұнға құрылып, өмірді суреттейді. Осылайша әрбір халықта белгілі бір кезеңнің ерекшелігін бейнелейтін өзіндік би стилі қалыптасады. Әр түрлі халықтардың би өнері арқылы біз интернационалдық рухта тұлға тәрбиелеп, оларды барлық ұлттардың әдет-ғұрыптары, мәдениетіне құрметпен қарауға үйретеміз. Халықтық билер балалар бойында достық, сыйластық, адамгершілік т.б. қалыптастыруға көмектеседі. Би өнерін дамытудың табиғи үрдісін қамтамасыз ететін халықтық дәстүрді сақтап, жас ұрпаққа жеткізе білу - эстетикалық тәрбиенің өзекті мәселелерінің бірі. Хореография баланың сезімталдылық, белсенділік,

психофизикалық және құқықтық т.б. қасиеттерін дамытуға әсер етеді: педагогтың міндеті - әр баланың бойындағы шығармашылық бейімділігін танып, оны қоғамдық рухани-өнегелі құндылықтарға бағыттау болып табылады. Ғасырлардан жалғасып келе жатқан халықтық шығармашылықты бала бойына сіңіріп, мәдени мұраларды құрметтеп, көздің қарашығындай сақтауға үйрету мәдениетті адамды қалыптастырудың маңызды шарты. Ал баланың басты танымдық ой-өрісін, тәрбиесін қалыптасатыратын жалпы білім беретін мектептердің барлығы хореографиялық үйірмемен қамтылмаған. Халыққа етене жақын өнер түрлерінің бәрі биді, музыканы, айшықты ұлттық костюмдерді, тәрбиелік мәні зор қойылымдарды тамашалау арқылы әрбір адам рухани демалып, эстетикалық ләззат алады.

Профессор Ә.Т.Әлішева «Халық биінің тарихы ғасырлар тереңдігінен басталады. Ұлттық билер – бұл ерекше, көріністік және аяғына дейін зерттелмеген өнердің бірі. Биге қараған сәтте еріксіз сол мезгілде оған қатысасың, соның арқасында айналадағы дүниені танысың және өзара әрекет жасайсың. Халықтың болашақ өмірі бүгінгі өнерпаз жастарды жандандырумен тікелей байланысты. Өнерпаз тұлғаның бастапқы сәттерінің бірі мәдениет пен білім. Әр түрлі халықтың билері бір-бірінен қимылдары, музыкасы және костюмдерімен ғана өзгешеленбей, алдымен рухымен, мәнерімен және орындау қылықтарымен ерекше көрінеді» - деп жазады [2, 5 бет]. Міне, осы тұрғыдан әр түрлі халықтардың бір-бірінде өтетін өнер және мәдениет күндерінің маңызы ерекше. Туған халқымыздың сондай-ақ басқа да, халықтар дәстүрлерін би арқылы насихаттай отырып, Қазақстанның ұлттық мәдениеті туралы білімімізді кеңейтіп, әрі тереңдетіп қана қоймай, бүгінгі күнге деген құрмет сезімін тәрбиелеп, құнды мәдени байлықтар үшін, мақтаныш сезімін ояту.

Әдебиеттер:

1. Ізім Т.О. «Мемлекеттік «Алтынай» би ансамблі», - Алматы 2010.
2. Әлішева Ә.Т. «Халық-сахналық би композициясы», - Алматы 2012.
3. А.Ш.Шәмшиев «Ұлттық салт-дәстүрдің мемлекеттік «Наз» би театр шығармашылығының дамуына әсері», Астана – 2013.

Резюме

В статье изложена роль государственных ансамблей, таких как «Салтанат», «Алтынай», «Наз», «Шалқыма» - активных участников культурно-массовых мероприятиях, в развитии межнациональной творческой связи Казахского хореографического искусства.

Summary

The role of the state choreographic group such as «Saltanat», «Altynay», «Naz», «Shalkuma» active participants of cultural-mass events in the development of multinational cultural connection of Kazakh choreographical is considered in this article.

ӘОЖ 392.12 (574)

Жолдасов Е.А., Шикиртаев Б.Б., Ахметов Т.Н.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ «ҚҰРСАҚ ШАШУ» ТОЙЫНЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҒЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ

Түйін

Мақалада қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің рухани танымдылығы мен жастарға беретін тәрбиелік маңызы жолдары туралы мағлұмат берілді.

Кілттік сөздер: ұрпақ тәрбиесі, ұлт тағлымы, ұлттық эстетика, ұлттық мінез.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Ал ойлы-пайымды, білімді, мәдениетті, іскер, еңбекшіл азамат тәрбиелеуді адамзаттың ақыл-ойымен мәдениетіміздің

дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып және оны бүгінгі ұрпақтың санасына ұстаздық шеберлікпен сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтың салт-дәстүрлерінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

Өзге халықтар сияқты, қазақ елінің бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бергі жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді. Адамның жарық дүниеге келген күннен бастап, оның есейіп, қартайып, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынасы атаулының барлығы – салт-дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы өлең-жырмен насихаттады.

Әсіресе, «Өнер алды – қызыл тіл», «Жер астында жатқанды – қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз тілді тәрбиенің пәрменді құралы, ақыл-ойдың асыл қоймасы деп таныды. Қазақтың айтыс өлеңдерінде, терме-толғауларында, бесік жырларында, ертегі, аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтел, нақыл сөздерінде ел тағдыры, келер ұрпақ қамы, бас-бостандығы, адамгершілік, ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болып, дидактикалық ақыл-өсиет, насихат түрінде айтылып, ол халықтың қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, баланы бесікке салу, өлікті жөнелту сияқты дәстүрлі жиындарында марапатталып келеді. Сол арқылы көпшілік қауымға, әсіресе жастарға өнеге айту, тәлім-тәрбие беру көзделеді.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмірдің талабы болып отыр.

Өкінішке орай, ұзақ жылдар ұлттық салт-дәстүр атаулыны аяқ асты ету, ана тілі мен ұлт мәдениетіне менсінбей қарайтын мәңгірттердің көбеюі, қала берді кісі өлтіріп, үй тонап, бас еркінен айырылып, еңбек түзеу колонияларында отырғандардың көпшілігінің жастар арасынан шығуы ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептер мен арнайы оқу орындарында пәрменді түрде жүргізілмеуімен туындаған сорақы, жат көріністер еді.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Себебі Л.Н.Толстой айтқандай: «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу сокпақ іздеп адасу мен пара-пар».

Өнегелі салт-дәстүрлеріміздің тәлімдігін, қадыр-қасиетін тереңінен насихаттап дәріптеу үшін ең алдымен ұрпақтарымызға төмендегі ұғымдардың мән-мағынасын білу қажет.

Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғары түрі. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясымен эконмикалық өмірінің, тілі мәдениетінің, әлуметтік хал-ахуалдығы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлттың жан-күйі мен мәдениет арасында тығыз байланыс бар. Ұлттық мінез-құлық ерекшелігі ұлт мәдениетінің түрлерінен көрініс береді. Ұлттық жан-күй үйлесімі үш бөліктен тұрады: ол – ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезім дегеніміз- адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін білдіру. Ұлттық сезім ұлттық эстетика, әдеп, парасаттылық және күнделікті өмірдегі талғам мен сезімнің жиынтығы – көркем шығармалар арқылы көрініс береді. Ол – ұлттық сезімді оятуға әсер ететін күшті құрал.

Ұлттық салт-дәстүрлер – тарихи көне процесс. Көптеген салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуынан бұрын пайда болған. Сондықтан ол кейде бірталай ұлттарға ортақ мәнді дәстүр болып келеді. Мысалы, асар – қырғыз, қазақ, өзбек, тәжік, түркімен халықтарына ортақ өте ертеде пайда болған дәстүр.

Ұлттық мінез-құлық сол ұлтқа тән қызуқандылық, жан-күй, рухани сапамен ерекшеленіп көзге түседі. Мысалы, қазақтарға тән бауырмалдылық, ақжарқындық, қонақжайлық, кеңпейілдік, инабаттылық, биязы мінез-құлық болса, өзбектерге тән майда, сыпайы мінезділік, тілі тәтті, салтқа берік, орыс халқына тән қарапайымдылықпен кең пейілділік, американдылықтарға тән құнттылық, ағылшындарға тән салқын қандылық, немістерге тән ұқыптылық, француздарға тән жинақтылық,

испандықтарға тән қызу қандылық ерекшеліктер байқалады. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда жоқ, кездеспейді деген ұғым тумады. Алайда ол қасиеттер әр халықта әр түрлі қырынан көрініс табады. Ұлттық болмысты анықтауда әр ұлттың өзіне ғана тән этностық таза мінез-құлықтың болуы мүмкін емес.

Қай халықта да жұбайлар отбасын құрған соң, олар баласы болуын арман етеді. «Босағасын алтын мен соқсаңдағы, перзент сүймей адамның мейірі қанбас» (Шал ақын). Себебі бала - өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі, ерлі-зайыптылардың тіреу діңгегі. Сондықтан да қазақ халқы «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп ой топшалаған. Жаңа үйленген жастар алғашқыда бала мәселесіне онша мән бермегенімен, жас келіннің аяқ басқаны, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы тәжірибиелі ененің көз қиығынан қалыс қалмайды. Баласынан немере сүйіп, ұрпағын өсіруді армандаған аналар келіні келе сала бала көтермесе, алаңдай бастайды. Ал келіні көп кешікпей екі қабат болса, енесі келінін ерекше қамқорлыққа алып аялайды.

Ғұрып бойынша, бойына бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр», «ішінде көжесі бар» деп тұспалдап айтады. Бұл сөздің мәнісі жас келіннің қысылып, ұялмасын, тіл-көздің суығынан сақтасын деген ойдан шыққан.

Енесі, оң босағаға «ақ орамал» байлап қояды. Бұл, осы үйдегі келіннің ішіне нәресте біткенінің белгісі. Абысын- ажын, ауыл әйелдерін жинап, «құрсак» тойын өткізеді. Мұны «Құрсак шашу» тойы деп атайды. Өмір тәжірибесі мол қарт аналар жас келінге білгендерін айтып, екі қабат кездегі әртүрлі құбылыстарға шыдамдылықпен қарауды үйретеді:

Қарағым, биік тауға қара- көңілің өседі, көңілің өссе, немерең кең пейілді болады.

Жайқалған шөпке, жайнаған гүлге қара- сәбиің шырайлы болады.

Бұлақтың көзін аш- бала қайырымды болады.

Тіл-көз тимесін деп, мына былғарыға тігілген арнайы бауы бар бойтұмарым саған арналады мойныңа тағып жүр, немесе ылғи үстіңе киіп жүретін бешпетіңнің омырауының астыңғы жағынан қадап жүр, қалқам!

Түн қараңғысында екі қабат келінін далаға, қараңғы қораға шамсыз, жалғыз жіберме. Үйде ері жоқта бір өзін жатқызба. Өйткені, қараңғыда есік алдында, қорада, тіпті кісі тұратын үйде жын-шайтан, пері, албастылар жүреді, олар жаңа түскен, аңқау жас келінге үйір келеді. Бұлардың қастандығынан түрлі ауруларға шалдығып, іштегі нәрестеге зақым келу қаупі туса, келіншектің төсегінің іргесіне, жастығының астына темір қару қой. Тіпті, отауына әртүрлі қару-жарак, қамшы, балта, қасқырдың азуы, бүркіттің тұмсығын іліп қойсаң, жын-шайтандар сескенеді. Ері үйде жоқта, келіннің жанында қайнылыры мен қайын сіңлілерімен бірге болсын. Әсіресе, қайнысы жастау болса да, екі қабат келіннің өзіне де, әр нәрсеге сенгіш ата-енесіне де әжептеуір медеу болады. Баланың кіндігі бұралып қалмау үшін, бақан, арқан аттатпа, баланың бір мүшесі кем болып тұмау үшін, іштегі бала қимылдағанша- жерігі қанғанша итке кет демеу керек. Мыс. [№4 – 178,179 бет.], [№5 – 61-67 бет.]

Қорытынды.

Ұлттық салт-дәстүр – халықтың рухани діңгегі. Ұлттық салт-дәстүр ғұрыптары мен әдеттері ең бірінші тәлім-тәрбиелілік пен рухани мәдениеттің негізі болып табылады. Сондықтан, жоғарыда айтылған салт-дәстүрлік әрекеттердің тек қана қазақ емес, сонымен қатар, түркі тілдес көптеген елдердің рухани мәдениеті мен отбасылық тәрбиесіне тигізер әсері мол. Оған дәлел – қазақ халқының бағзадан бері келе жатқан, сақталып келе жатқан ұлттық салты. Бүгінгі таңда қазақтың көптеген салт-дәстүрлеріндегі әдет-ғұрыптардың сақталуы маңызды, әрі актуалды мәселелердің бірегейі болып отырғаны жасырын емес. Кей тұстарда салт-дәстүрлік әрекеттерді сол қалпында қолданылу болса, кей тұстарда өзгертіліп, қазіргі заманға сай етіліп жасалатын жерлері де кездесіп жатады. Бүгінгі таңдағы жастарды тәрбиелеу мәселесінде салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың алатын ролі ерекше.

Әдебиеттер

1. С.Қалиев, М.Оразова, М.Смаилова. Қазақтың салт-дәстүрлері. Алматы «Рауан» 1994ж. (15- 17, 17-20, 22-23, 23-26).
2. Б.Әлімқұлов, Е.Әбдрахманов. Күйеукезгі, қыз ұзат. Алматы «Санат» 1994ж. (22-27, 113бет.)
3. С.Кенжеахметов Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы «Санат» (37-39 бет.)
4. С.Е.Әжіғалиев (жауапты редакторы) Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. I том, Алматы «Арыс» 2005 ж. (178-179,180-181)
5. Камалова Н.К. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы. Шымкент-2006ж. (61-67, 67-70, 83-92 бет.)

Резюме

Значимость и особенности казахской народной традиции «Курсак шашу».

Summary

The importance and features of the Kazakh national tradition «Kursak shashu».

ӘОЖ 372.8:376.4

Естемес Д.Д.

«Шымкент қосалқы мектеп-интернаты» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент, Қазақстан

АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫ КЕШЕУІЛДЕГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ

Түйін

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі коррекциялық жұмыстарды жүргізу өте үлкен жауапкершілігі бар жұмыс. Оны барынша сауатты әрі дұрыс ұйымдастыру керек екені айтылады.

Кілттік сөздер: Коррекциялық жұмыс кезеңдері, арнайы педагог, ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалар, олигофрения, психометриялық бағыт, психофизикалық жетіспеушіліктерді түзету; психологиялық жағдай.

Себебі бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде зияты бұзылған, әрі ақыл дамуы кешеуілдеген балаларды оқытып тәрбиелеуде оңтайлы нәтижеге жетуге болады. Психофизиологиялық дамуында ерекшелігі бар, зияты бұзылған оқушыларды қоғамға қосу, интеграциялау, арнайы оқыту мекемелерінің негізгі мақсаты болып отыр. Мүмкіндігі шектеулі бітірушілердің өмірге дайындығының сапалы болуы, олардың келешекте бір нәрсеге жетістікке жетуі мынадай коррекциялық жұмыстарға байланысты.

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі коррекциялық жұмыстар бірнеше кезеңдерді қамтиды:

-1-ші кезең (4-8 жас) – санитарлық-гигиеналық талаптар мен моториканың дамуын анықтайды. Баланың танымдық қабілетінің дамуына, сөйлеу тілінің дамуына, ортаға бейімделуіне көңіл бөлінеді. Бұл кезең баланы әлеуметтік бейімдеуге бағытталғандықтан, тәрбиелеу жүйесінде негізгі роль білім, дағды, іскерліктің қалыптасуына сәйкес, баланың болашақтағы білім алуы мен тәрбиесіне негізделеді.

- 2-ші кезең (8-16 жас) - өз-өзіне қызмет ету мен гигиеналық дағдыларды игеруді қорытындылау, тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру кезеңі. Бұл кезеңде балалар қарапайым сауаттылықты, байланыстырып сөйлеуді игереді.

- 3-ші кезең (16-18 жас) - әлеуметтік бейімделу кезеңі. Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалармен жүргізілетін коррекциялық жұмыстың мақсаты – оларды болашақ өмірге бейімдеу, еңбекке араласуға үйрету, әлеуметтік ортаға бейімдеу. Бұл кезеңде мынадай міндеттер орындалады:

- оқыту процесінде баланың танымдық әрекеті мен психикалық функциясын дамыту, бала бойындағы психофизикалық жетіспеушіліктерді түзету;

- ақыл-ой дамуының күрделі формасындағы олигофрен-балаларға тәртіп нормаларын үйрету;

- еңбекке үйрету, спортқа бейімдеу, өз-өзіне қызмет ету дағдысын қалыптастыру;

- тұрмыстық қажеттіліктер мен әлеуметтік өмірге бейімдеу.

Олигофрен - балалармен жұмыс жасудағы негізгі ерекшеліктерге тоқталсақ:

- медициналық-клиникалық бағыты – ақыл-ой дамуындағы кемшіліктің этиологиясын анықтау, интеллектінің дамуындағы кемшілікке апаратын генетикалық себептерге, анатомиялық-физиологиялық себептерге назар аудару,

- психологиялық бағыты – интеллект дамуы кешеуілдеген баланың эмоциялық-ерік сферасына, психикалық әрекетіне назар аудару,

- педагогикалық бағыты – интеллект дамуы кешеуілдеген балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне, формаларына, принциптеріне назар аудару;

- психометриялық бағыты – интеллектінің даму ерекшеліктеріне баға беру.

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балаларды оқыту мен тәрбиелеу VIII түрдегі (түзету) мектептерде жүргізіледі. VIII түрдегі (түзету) мектептерінде бала дамуындағы кемшіліктерді түзету, оларды еңбекке баулу, әлеуметтік-психологиялық оңалту жұмыстары жүргізіледі. Сыныптағы оқушылар саны - 12. Оқытудың ұзақтығы 10- жылды құрайды. Мектепте оқытудың кезеңдері бірнеше кезеңдерден тұрады:

- пропедевтикалық-диагностикалық кезең 0 (дайындық сыныбы) ;
- бастауыш оқыту кезеңі -1-4 сыныптар;
- жалпы білім беру кезеңі- 5-8 (9) сыныптар;
- әлеуметтік – еңбекке дайындықтың аяқталу кезеңі.

Мектеп оқу жылының ұзақтығын аймақтық, экономикалық, материалдық жағдайларға байланысты өзгерте алады. Көрсетілген уақыттың ұзақтығы дайындық сыныптарына байланысты өзгеріп отырады.

Оқу пәндерінің барлығы жалпы білім берушілік және коррекциялық-дамытушылық блоктарға бөлінеді.

Базистік оқу жоспарына ана тілі, жазу, математика, биология, география, Отан тарихы, өнерге баулу, музыка, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, еңбекке баулу пәндері кіреді.

VIII түрдегі (түзету) мектептер цензалы білім беруді орындамағандықтан, оқу бағдарламалары ақыл-ой дамуы кешеуілдеген баланың мүмкіндіктерін есепке алып құрылып, жалпы білім беру мекемелерінен ерекшеленеді. VIII түрдегі (түзету) мектебіне арналған оқу жоспарына «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау», «Ритмика» пәндері енгізілген.

Коррекциялық блокқа логопедиялық түзету сабақтары, психомоторика мен сенсомоторлық функцияларды дамыту сабақтары енгізіледі. Қазіргі уақытта VIII түрдегі (түзету) мектептерде (В.В.Воронкова) 1-4 сынып оқушыларына арналған оқу жоспары мен пропедевтикалық-диагностикалаудағы оқу бағдарламасы енгізілген. Оқу бағдарламалары бойынша ұсынылатын оқулықтардың мазмұнында дидакттар А.К.Аксенова, В.В.Воронкова, М.Ф.Гнездилов, Г.М.Дульнев, Н.Ф.Кузьмина – Сыромятникова, Т.М.Лифанова, В.М.Мозгова, М.Н.Перова, Т.И. Пороцкая, Э.В.Якубовская және т.б. зерттеулері енгізілген.

Олигофрен - балалардың қатарындағы сөйлеу тілінде кемшіліктері бар балалармен жұмыс топтық сабақтар (2-4 баладан) және жеке сабақтар түрінде жүргізіледі. Аталған жұмыс кезіндегі логопед 15-20 баламен жұмыс жасайды. 10-11 сыныптарда еңбекке баулу сабақтары баланың еңбекке дайындығын тереңдетуге бағытталады.

Оқушылардың қызығушылықтары мен қалауларына, қабілеттеріне, икемділіктері мен дағдыларына қарай тігін ісі, ағаш шебері, аяқ-киім шебері мамандықтары игеріледі. Жаксы үлгерім көрсеткен оқушыларға біліктілік разряды беріледі. [1]

Қорытындылай келе, зияты зақымдалған балаларды қоғамға қосу үшін педагогтен түрлі құзыреттілікті талап етеді. Себебі мұндай балалар тек қана арнайы педагог жұмысын ғана емес, комплексті психолог пен дәрігер көмегін талап етеді.

Әдебиеттер

1. Абаева Ғ.Ә., Төребаева К.Ж., Оразаева Г.С, Қартбаева Ж.Ж. «Арнайы педагогика», Алматы 2013.
2. www.defectolog.ru
3. Пугачев А.С. Инклюзивное образование // Молодой ученый. — 2012. — №10. — С. 374-377.
4. <http://www.conventions.ru>
5. Курмышева Лидия Константиновна, Сибирский педагогический журнал 2012, № 9.«Инклюзивное образование: зарубежный опыт»

Резюме

В этой статье описана система образования и воспитания детей с интеллектуальной недостаточностью. Также рассмотрены психологические-педагогические особенности детей с интеллектуальной недостаточностью с целью их интеграции в общество.

Summary

This article is written about the education of children with intellectual dis abilities. Also we described psychological-pedagogical features of children with intellectual disabilities with the purpose of their integration into society.

Есіркеп А.Е. - магистрант, Абжапбаров А. - ф-м.ғ.д., доцент
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЕСЕПТЕРДІ ДӘРЕЖЕЛІ ТЕНДЕУЛЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН ШЕШУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Кейбір әртүрлі мазмұнды есептерді шешу барысында құрылған теңдеулердің бірдей болатын кездері ұшырасып жатады. Есепті дұрыс және тиімді шешудің ерекшеліктері көрсетіледі. Сонымен қатар бірдей дәрежелік теңдеулерді шешкенде есептің мазмұны ескерілуі қажет.

Кілттік сөздер: арифметика, теңдеу, дәрежелі теңдеу, жүйе, математика, бөлшек, теорема.

Күнделікті өмірде туындап жатқан сан – алуан мазмұнды мәселелерді шешу көбіне оны математика тіліне аударуға келіп тіреледі, бұның қажеттілігін ұлы И.Ньютон өзінің « жалпы арифметика» деп аталатын алгебра оқулығында « Сандарға немесе дерексіз шамалар қатынасына қатысты мәселені шешу үшін , есепті ана тілінен алгебра тіліне аудару ғана қажет» деп түсіндірген болатын .Мәселені математика тілінде өрнектегенде теңдеулер пайда болады. Яғни , практикалық мәселені шешу үшін оқушыға дәрежелі теңдеулерді шешу біліктілігі, машығы қажет болады .

Кейбір әртүрлі мазмұнды есептерді шешу барысында құрылған теңдеулердің бірдей болатын кездері ұшырасып жатады. Міне, осындай жағдайларда мұғалім оқушыларға есептің дәл шешімі табылады .

Енді осы айтқан жағдайға бірнеше мысал келтірілген .

Есеп 1. Екі оң санның бірі екіншісінен екі есе кіші. Егер кіші санға 4-рі, ал үлкен санға 8-ді қоссақ , олардың арасындағы бастапқы қарыс өзгермейді . Берілген кіші санды табындар .

Есеп 2. Бөлшектің алымы бөлімінен екі есе кіші. Егер бөлшектің алымына 4-рі , ал бөліміне 8-ді қосса, бөлшектің шамасы өзгермейді. Берілген бөлшектің алымын табындар.

Есеп 3. Ыдыс кептіргіштің әрбір сөресіне 30 тарелка қоюға болады. Алдында жоғары сөредегі тарелкалар санынан екі есе аз болды . Кейіннен жоғары сөреге тағы да 4 тарелка , ал төменгі сөреге 8 тарелка қойғанда , жоғары сөредегі тарелкалар санынан екі есе аз болып шықты. Басында жоғары сөреде неше тарелка болғаны ? [1]

Бұл үш есепте шешу үшін құрылатын теңдеулер жүйесі бірдей : $2(x + 4) = 2x + 8$ болады. Бұл теңдеу теңбе-теңдік болғандықтан оның шешімі кез-келген сан бола алады. Дегенмен , есептердің шарттарына талдау жасағаннан кейін олардың шешімдерінің кез-келген сан бола алмайтындығын анық аңғаруға болады.

Алдымен 1-есепке талдау жасайық . Есептің шартында қарастырып отырған екі санның да оң сан екені айтылған . Сондықтан , бұл теңдеудің шешімі ретінде ондағы кіші санды кез-келген оң сан деп қарастыру керек болады.

2-есепте жай бөлшек туралы сөз болғандықтан оның аламының мәнін натурал сандардың ішінен іздестіруге тура келеді . Яғни, бұл есептің жауабы ретінде барлық натурал сандар жиынын алуға болады.

3-есептегі жоғары сөредегі тарелкалар саны да натурал санмен есептеледі . Дегенмен , бұл жерде әр сөреге 30 тарелка ғана барлығын ескеру керек . Олай болса, жоғары сөреде 1,2,3,... ,11 тарелка ғана болуы мүмкін , яғни жоғары сөредегі тарелкалар саны $1 \leq x \leq 11$ болады.

Есептің мазмұны бойынша теңдеу құру көмегімен шығарылытын тағы да бірнеше есепті қарастырайық .

Есеп 4. Жайылып жүрген қояндар иен тауықтардың жалпы саны 39, ал олардың аяқтарының саны 100. Қоян нешеу, тауық нешеу ? [2]

Әдетте теңдеу құру өнерін игермеген оқушылар оны таза ойлау немесе таңдау тәсілімен шығара бастайды . Осы тәсілдермен шешеді де бірақ бұл жағдайда оқушының көп уақыты белгісіз шамаларды анықтауға кетеді. Сондықтан оқушыларды есеп мазмұнындағы шамалардың арасындағы байланыстарды , дәл анықтай білу қажет . Яғни теңдеу құру өнеріне ерте бастан дағдыландырылған дұрыс.

Сонымен қатар , көпшілік оқушылар бұндағы қоянның да, тауықтың да саны белгісіз деген ұйғарыммен олардың екеуін екі белгісізбен белгілеуді оңай көреді . Ондай оқушылар есепті мына

түрдешеді . x -тауықтың саны , y -қоянның саны деп белгілеп алып мынандай теңдеулер жүйесін құрады:

$$\begin{cases} x + y = 39 \\ 2x + 4y = 100 \end{cases}$$

Бұл сияқты теңдеулер жүйелерін шешу тәсілдері оқу бағдарламасы бойынша 6-сыныптың соңғы айларында ғана қарастырылады . Ал осы мазмұнды есептер бұрын-ақ олимпиадалық есептердің , шығармашылық тапсырмалардың құрамында кездесіп жатады . Сондықтан бұл жүйені шешкенде кейбір ұшқыр ойлы оқушылар бірінші теңдеуді 2-ге көбейтіп алып , төмендегіше шешіледі $2x + 2y = 78$, $2x = 78 - 2y$, $78 - 2y + 4y = 100$, $2y = 100 - 78$, $y = 11$. $x + 11 = 39$, $x = 28$. Жауабы 28 тауық, 11 қоян.

Осы мазмұнды есептерді шешкенде мұғалім оқушылардың назарын тауық пен қоянның жалпы санының белгілі екеніне назар аудару білу қажет . Сонан кейін оқушылар бұндай есепті екі белгісізі бар екі теңдеулердің жүйесіне келтірмей-ақ шеше алатын болады . Тауықтың санын x – пен белгілеп алады, есеп шартында қоян мен тауықтың жалпы саны 39 екені айтылған .Онда қоянның саны $39 - x$ болғаны. Осыдан кейін $2x + 4(39 - x) = 100$ теңдеуді құрылады. Теңдеуді шешіп $x = 28$ екені табылады , онда $y = 11$ болғаны.

Есеп 5. Егер тәуліктің қалған бөлігі өткен бөлігінен үш есе артық болса, онда қазір сағат қанша болғаны ?

Шешуі .Егер тәуліктің өткен бөлігін x – пен белгілейміз . Онда қалған бөлік $24 - x$ болады . Есеп шарты бойынша $24 - x = 3x$, бұдан $x = 6$. Яғни , қазіргі уақыт сағат 6 болғаны.

Оқушыларды дәрежелі теңдеулерге келтірілетін есептерді шешуге үйрету үшін алдымен өтілген материалдарды қайталау жұмыстарын жасату қажет. Осындай жұмыстар кезінде мына мәселелерді ескерген дұрыс:

- 1) Әртүрлі мазмұндағы есептерде кездесетін шамалар және олардың арасындағы байланысты , қатысты , тәуелділікті анықтау;
- 2) Есептің мазмұнын талдап , оны толық ұғыну үшін қандай сұрақтарға жауап іздеу керек екенін ажырату ;
- 3) Изделінді шаманы анықтап алып , алдымен қалған шамалардың арасындағы байланыстарды өрнектеу;
- 4) Теңдеу құру;
- 5) Теңдеуді шешу;
- 6) Есептің шешімін тексеру.

Енді осы заңдылықтарды ескере отыра бірнеше есептерді шешу тәсілдерін қарастырамыз:

Есеп 6. A және B қалаларынан бір уақытта екі автомобиль бір-біріне қарама-қарсы шықты . Олар бір сағаттан кейін кездесіп , кідірместен сол бұрынғы жылдамдықтармен әрі қарай жүре берді. Бірінші автомобиль B қаласына , екінші автомобильдің A қаласына келген уақытына қарағанда 27 минут кеш келді . Екі қаланың арақашықтығы 90км . Әр автомобильдің жылдамдықтарын табындар.

Шешуі. x – бірінші автомобильдің жылдамдығы болсын . Екі автомобиль бір сағаттан кейін кездескендіктен екінші автомобильдің жылдамдығы $90 - x$ болады. Онда $\frac{90}{x}$ – бірінші автомобильдің барлық жолды жүрген уақыты , ал $\frac{90}{90-x}$ – екінші автомобильдің барлық жолды әржүрген уақыты . Бірінші автомобиль екінші автомобильге қарағанда 27 минут кеш жеткендіктен $\frac{90}{x} > \frac{90}{90-x}$ болғаны . 27 минутты сағатқа айналдырамыз . 27 мин = $\frac{9}{20}$ сағ . Есеп шарты бойынша теңдеу құрамыз : $\frac{90}{x} - \frac{90}{90-x} = \frac{9}{20}$ ($x \neq 0$, $x \neq 90$) . Теңдеуді шешеміз : $90 \cdot 20(90 - x) - 90 \cdot 20x = 9x(90 - x)$, $162000 - 1800x - 1800x = 810x - 9x^2$, $9x^2 - 4410x + 162000 = 0$, $x^2 - x + 18000 = 0$. $x_1 = 40$, $x_2 = 450$.

Зерттеу . Теңдеудің екінші шешімі есептің шартына сай келмейді . Сондықтан бірінші автомобильдің жылдамдығы 40км /сағ , екіншісініңкі 50км / сағ болғаны .

Осы жерде есепті шығарумен қатар оларды дәптерге жазудың да өзіндік ерекшелігі болатынына мысал келтірейік . Ол үшін осы 6-есепті шығаруды қайта қарастырамыз.

Есеп дененің қозғалысына берілген . Оған жол, уақыт, жылдамдық қатысады . $S = vt$, мұндағы S – жол , v - жылдамдық , ал t - уақыт. Осы белгілеулерді пайдалана отырып , есептегі шамалар арасындағы қатысты мынандай кесте түрінде жазуға болады :

	S	v	t
1-автомобиль	90 км	x	$\frac{90}{x}$
2-автомобиль	90 км	$90-x$	$\frac{90}{9-x}$

Осы кестедегі уақыттардың арасындағы қатысты жазғанда $\frac{90}{x} = \frac{90}{9-x} + \frac{9}{20}$ теңдеуі құрылады .

Осы мысалдан-ақ есепті қарастырылып отырған шамалардың арасындағы қатыстарды кесте түрінде жазудың тиімді болатыны байқалады .

Теңдеулер құруға берілген есептердің мазмұны әр түрлі болып келеді . Оны төмендегі мысалдан көреміз.

Есеп 7. $x^2+2x - 8 = 0$ теңдеуін шешпей тұрып , түбірлері осы теңдеудің түбірлерінен төрт есе артық болатын квадрат теңдеу құрындар.

Шешуі . Виет теоремасы бойынша $x_1+x_2= -2$, ал $x_1 \cdot x_2= -8$. Жаңадан құрылатын квадрат теңдеудің түбірлерін y_1 және y_2 деп белгілеп алайық. Есептің шарты бойынша $y_1 = 4x_1, y_2 = 4x_2$. Виет теоремасының жаңа құрылымын теңдеу үшін қолданып . $y_1 + y_2 = 4x_1+4x_2 = 4(x_1+x_2) = 4 \cdot (-2) = -8, y_1 \cdot y_2 = -128$ мәндерін табамыз. Сонда ізделінді теңдеу $y^2+8y-128= 0$ болғаны .

Қорыта айтқанда дәрежелі теңдеулерге келтірілетін есептердің сан түрлілігі дәрежелі теңдеулерді мектепте оқытудың өзіндік маңызы зор жұмыс екенін байқатады.

Әдебиеттер

1. Березенская Е.С. Арифметика есептері және жаттығуларының жинағы . Жеті жылдық мектептің 5-6 сыныптарына арналған . ҚМОҚБ , Алматы, 1950, 230 бет.
2. Бейсеков Ж. Және т.б. «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысына берілген есептерді шығаруға арналған әдістемелік құрал. Шымкент, 2015, 132 бет.
3. Ержанов Д. Ж. Теңдеу құруға берілген есептерді шығару . Алматы , «Мектеп» , 1970.

Резюме

В этой статье идет речь о степени уравнением решение задач в средней школе показывается особенности решение задач, правильными и выгодным способами и приемами . В статье говорится прегрешение одинаковый степени уравнений задач, должны обратить внимание на излагаемый текст задачи.

Summary

In this article we are talking about the degree of the equation of the solution of problems in the secondary school features are shown to solve problems, in the right and profitable ways and methods. In the article it is said that the solution of the same degree of equations of the problem is solved, we must pay attention to the problem text presented.

Жақсыбаев Ә.П. – I курс магистранты
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің екінші ширегіне аяқ басты. 2017 жыл бұдан былай біздің елімізде Қазақстанның үшінші жаңғыруы үдерісінің басталуымен есімізде қалатын болады. Нарықтық қатынастар заңдылығына біржола көшіп, экономикалық, саяси, рухани-мәдени тұрақтылыққа қол жеткізгеніміз туралы айтылады.

Кілттік сөздер: миграция, мигрант, индустриаландыру, инвестор, лицензия, инвестиция, маркетинг.

Қазақстан тәуелсіздігінің ең сүбелі жетістігі – бұл күндері қазақ халқы республика халқының 67 пайызын құрап отыр. Бұған әсер еткен басты фактордың бірі – шетелдегі қандастарымыздың туған елге қайта оралуы. Бұл үдеріс жалғасуда, бірақ бұрынғыдай жоғары қарқында емес.

Философия ғылымдарының докторы, профессор С.Е.Нұрмұратовтың мәліметі бойынша, Қытайда – 1,5 млн, Өзбекстанда – 150 мың, Түрікменстанда – 100 мың, Қырғызстанда – 50 мың, Ауғанстанда – 25 мың, Түркияда – 20 мың, Иранда – 15 мың, АҚШ-та – 10 мың, Германияда – 7 мың қазақтар тұрады (1, 62 б.).

20 жыл ішінде Қазақстанға 1 миллионнан астам адам көшіп келді, олардың басым бөлігі этникалық қазақтар. Осы уақыт ішінде 3,5 миллион адам көшіп кеткен (1, 66 б.). Бұлар негізінен Ресейге, Германияға, яғни өзінің тарихи отанына көшіп кеткен азаматтар. Қазіргі уақытта бұл үдеріс, яғни жаппай көшіп кету тоқтаған.

Дегенмен көрші елдермен Қазақстанның жұмыс күшін пайдалану сұхбаты, яғни жұмыс істеу барысында азаматтардың ауыс-күйісі жалғасуда.

Бүкіл әлемдік Банктің мәліметтері бойынша Қазақстан мигранттардың саны жөнінен 9 орында тұр (2, 30 б.).

Мигранттар бала күтуші, үй қызметкерлері, құрылысшы сияқты жоғары кәсіби дамуды қажет етпейтін жағдайларда жұмыс істеп келген. Соңғы уақытта Қазақстанға жұмыс бабымен келіп жатқан азаматтардың жағдайын заңдастыру мәселесі жан-жақты қарастырылуда. Олар үкіметке салық төлеуге міндетті.

Еңбек етуге келген азаматты жұмыспен қамтамасыз етуші шетелдік азаматқа жұмыс беруге арнайы рұқсат алуы қажет. Бұл заңды талап екі жаққа да үлкен жауапкершілік жүктейді. Шақырушы жақ елімізде мұндай мамандардың жоқтығын дәлелдеуі, ал келуші азамат өзінің өте сирек кездесетін жоғары санатты маман екенін көрсетуі қажет. Мұндай мәліметтер болмаса мигрант жұмыс істеуге лицензия ала алмайды. Сондықтан көп жағдайда еңбек мигранты жасырын түрде әрекет етуге мәжбүр.

Мұндай ауыс-күйістер Солтүстік, Шығыс Қазақстан облыстарында Ресеймен, ал Оңтүстік облыстарда Қырғызстанмен, Өзбекстанмен болып тұрады. Ал Тәжікстан азаматтары Қазақстан арқылы Ресейге өтіп отырады.

Мұның бастапқы себептері бұл елдердің экономикалық даму қарқыны әртүрлі. Сонымен қатар, айлық төлеу деңгейінде де айырмашылықтар бар.

Л.Гумилев атындағы Евразия университетінің магистранты Тлеген Ақанұлының пікірінше, соңғы екі жылда Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан келген жұмысшылардың саны 2 миллионды құрайды. Соның 1%-ғана өзінің еңбек етуге келгенін көрсеткен, ал 96%-ы жеке шаруалармен келдім деп өтірік ақпарат берген.

Мемлекеттік заңдар толық орындалмағандықтан Орталық Азия мемлекеттерінің азаматтары жасырын жағдайда жұмыс істей береді.

Smart Solutions рекрутинг компаниясы жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша, Қазақстанның Ресей және Белоруссиямен кеден одағын құрғаннан бері осы елдерге жұмыс істеуге баратын азаматтардың қатары көбейе түскен. Мысалы, 2011 жылы сауалнамаға қатысқан 1600 респонденттің 20 пайызы Ресейде жұмыс істейтінін айтқан.

Ақанұлының пікірі бойынша, Қазақстаннан шетелге аттанған еңбек мигранттарының 59 %-ы Ресейді, 5%-ы Белоруссияны, АҚШ пен Канаданы 4%-і, басқа елдерді 17%-ы қалаған. Ал болашақта Қазақстаннан кетуге дайындық жасап жатқан 154 адамның 60%-ы Ресейге, 16%-ы Қытайға, 11%-ы Әзірбайжанға, 12%-ы басқа елдерге қоныс аудануды көздейді.

Осы зерттеушінің мәліметтері бойынша, мигранттардың 52-і ер адамдар, ал 48%-ы әйелдері. 36-45 жастағы адамдар жастар мен үлкен кісілерге қарағанда миграцияға өте бейім болып отыр. Мысалы, барлық мигранттардың 55%-ы – 36-45 жастағы азаматтар. Бұлар жұмыс істеуге қабілеті жоғары адамдар.

Мигранттардың 24%-ы сауда-саттық, 9%-ы маркетинг, 8%-техника, 5% ІТ технология саласында жұмыс істейді.

Дәл осы тұста мына жағдайға назар аудару қажет. Қазіргі уақытта елімізде шамамен 5 миллиондай жастар бар (3, 13 б.). Бұл жаман көрсеткіш емес. Мәселе осы жастардың энергиясы мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін ел игілігіне дұрыс пайдалануда болып отыр.

Егер де еңбек етуші халықтың 60%-ы шағын және орта бизнесте жұмыс істеген болса, онда қоғам тұрақтылыққа қол жеткізеді.

Жастарды бизнеске қызықтыру, және оларға жан-жақтан қолдау көрсету - еліміздегі өзекті шаралардың бірі. Оларға ұзақ мерзімді және аз пайызбен несиелер беріп, кәсіпкерлікке үйрететін қол жетімді оқу орындарын көп ашу керек. Жас кәсіпкерлер өзара пікір алысып, тәжірибе алмасатын алаңдарды ойластырып, арнайы мемлекеттік тапсырыспен кездесулер ұйымдастыру өз пайдасын беретін сөзсіз. Соңғы кезде Қазақстан Республикасының әр аумағында кішігірім жұмыс орындарын ашып, өз тірлігін тиянақты ұйымдастырып жатқан азаматтардың қатары көбейе түсуде. Мәселен Д.Абызов Ақмешіт қаласында «Dalatex» деген маркамен нарыққа енген ерлер жейдесін тігетін цех ашқан. Бұл цехтың өнімдері Алматыда, Астанада, Шымкентте, Атырауда сатылып жатыр. Мұнда 38 адам тұрақты жұмыс істейді. Айына 8 мыңнан астам көйлек шығарылады (4, 5б.).

Қазақстандағы еңбек миграциясына әсер ететін ішкі факторлар – жұмыс орнын іздеп, білім алу мақсатымен ауылдан қалаға көшу, моноқалалардың экономикалық мүмкіндігінің азаюы.

Социологтардың мәліметтері бойынша, Қазақстан халқының 47%-ы ауылда тұрады. Бұдан былай ауылды көркейту, онда тұратын халықты жұмыспен қамтамасыз ету өте маңызды. Өйткені ауылда ауыл шаруашылығы кластерін дамытуға мүмкіндік мол. Жастардың ауылда қалуы үшін бос уақытын өткізуді ұйымдастыруға бағытталған шараларды арнайы бағдарламалар арқылы жиі-жиі өткізіп тұру дағдыға айналуы тиіс. Кеңес өкіметі кезінде жақсы жұмыс істеген клубтарға, мәдениет үйлеріне жан бітіріп, олардың жұмысын жүйеге келтіру де заман талабына туындап отырған маңызды мәселе.

Қазақстанда моноқалаларды дамытудың арнайы бағдарламасы дайындалған. Бұл бағдарлама 2012-2020 жылдарды қамтиды. Мұнда Теміртау, Рудный, Жаңа өзен, Екібастұз қалаларын дамытуға басымдық берілген. Бұл қалаларда 200 мыңға дейін халық тұрады.

Бағдарламаға енген басқа қалалар мыналар:

а) өндірістік қалалар: Абай, Сарань, Шахтинск, Екібастұзда көмір, Ақсай, Жаңаөзен, Құлсарыда мұнай, Арқалықта, Балхашта, Қаражолда, Кентауда, Лисаковскада, Риддерде, Рудныйда, Текеліде, Хромтауда – түрлі түсті темірлер өндіріледі.

Ақсу, Жезқазған, Сатпаев, Степногорск қалаларында машина өндіру, металлургиялық өндіріс шоғырланған.

б) ғылыми-өндірістік қала – Курчатова.

Қандыағаш, Ембі, Шалқар, Аягөз, Шар, Шу, Арыс, Қазалы ірі теміржолдар түйісінде орналасқан.

Сарыағаш, Шучинск, Карқаралы курортты – санаториялы қалалар.

Алға, Жем, Темір, Державин, Форт Шевченко қалалары тек аты ғана бар, бірақ тіршілігі мүлдем тоқтаған қалалар (5, 203 б.).

Бұл қалаларды дамытып, ондағы еңбек миграциясын тұрақтылыққа жеткізу үшін шағын және орта бизнесті дамытып, оның жалпы экономикадағы үлесін арттыру қажет. «Бүгінде жеке кәсіпкерлікті қаржыландырудың үш деңгейлі жүйесі қалыптасты. ШОБ-тың іс бастауына керек капиталға қол жеткізу едәуір жеңілдеді. «Бизнестік жол картасы-2020» бағдарламасында кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау үшін арнайы шарттар бар. Былтыр ШОБ-ты тексеруге мораторий жарияланды, лицензиялаудың 600 түрі қысқарып, оны беру тәртібі жеңілдетілді (6, 9б.).

Биыл Кентауда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 735 млн. Теңгеге жуықтады. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 201,4 млн. теңге, меншікті қаражат есебінен 533,5 млн. теңге тартылған. Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасынан келген жеке инвестор есебінен

«Кентау полиметалл» ЖШС-нің жалпы құны – 650,0 млн. теңгені құрайтын полиметалл концентраттарын өндіру және өңдеу зауытының құрылыс жұмыстары жүргізіліп, керекті құрал-жабдықтары толығымен жеткізілді. Жалпы 105 жаңа жұмыс орын ашылады. Осылайша, қытайлық мамандардан бөлек 95 жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылмақ. Ал, бұрынғы «Ащысай түстіметалл зауытының» жұмысын қайта жаңғырту мақсатында «ГМК Ащысай» серіктестігімен келіссөздер жүргізіліп, 12,0 млн. АҚШ долларын құрайтын жоба бойынша меморандум түзілді.

Арыста 2015-2017 жылдар аралығында индустриаландыру бағдарламасы аясындағы 5 жоба мақұлданып, жалпы құны 51,6 млрд. Теңгеге 130-дан астам жаңа жұмыс орнын құрайтын 4 жоба іске қосылған.

Елбасы 2017 жылы Қазақстанның үшінші жаңғыруға бет алғанын жариялау барысында, бүкіл әлемдік экономиканың төртінші өндірістік революцияға аяқ басқанын атап көсетті.

Жұмыстың құрылымы, оған қойылатын талаптар үлкен өзгерістерге ұшырайды. Адам кез келген күтпегендікке дайын болуы қажет. сондықтан ол өзінің болмысында ірге тастық білім мен қабілетті, біліктілік пен тұлғалық мүмкіндіктерін үнемі дамытуға міндетті.

Әдебиеттер

1. Нұрмұратов С.Е. Туған елге қарай ұзақ жол. Оны бірлесе өтейік – З.Шәукенова, Ю.Киринациянов. Философиялық сұзбат мүйісі – Алматы: ҚР БҒМҚФСДИ, 2013 – 220 б.
2. Ақанұлы Т. Трудовая миграция в Казахстане // Экономика негіздері, №1(55),2013 – 30-32 б.
3. Қасмағанбет Р.Жастар және кәсіпкерлік // Экономика негіздері №4(64), 2014 – 11-13 б.
4. Байтілек Е. Бірегей бренд // Егемен Қазақстан, 2017 жыл 10.04. – 5б.
5. Пралиев Б.С. Проблемы развития инновационного предпринимательства в моногородах Казахстана // Доклады НАН, 2017 №1 – 199-204 с.
6. Шетелден инвесторлар шақырылуда / Рейтинг, №21 2017, 106 – 3 б.

Резюме

В этой статье излагаются особенности трудовой миграции в Казахстане за последние годы; выявляются внутренняя структура трудовых мигрантов, опрежеляются факторы и причины миграции.

Summary

This article outlines the features of labor migration in Kazakhstan in recent years; the internal structure of labor migrants is revealed, the factors and causes of migration are determined.

ӘОЖ 372.8:376.4

Жанысбаева М.К.

ОҚО ББ «Шымкент қосалқы мектеп-интернаты» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Шымкент, Қазақстан

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАНЫҢ ПСИХИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РӨЛІ

Түйін

Тек қарым-қатынасқа еркін түсетін әлеуметтік бейімделген тұлға ғана қоғамда өз орнын таба алады. Соған сәйкес бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың тұлға ретінде қалыптасуында қарым-қатынастың рөлі ерекше көрсетілген.

Кілттік сөздер: қарым-қатынастың рөлі, мүмкіндігі шектеулі бала.

Қарым-қатынас: - жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүруінде, өзінің психикалық қасиеттерін дамытуында, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіруінде, сондай-ақ білімді меңгеріп, тәжірибе жинақтау мақсатында адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам, өмір сүре алмайды, әрі адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың рөлі ерекше. Сондықтан тәрбие

үрдісінде мүмкіндігі шектеулі баланың қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктерінің мәнері мен ортасына назар аударудың маңызы зор. Себебі мүмкіндігі шектеулі бала қоршаған орта ықпалына тез түседі, әрі еліктегіш. Ол баланың психологиялық және танымдық ерекшеліктеріне байланысты өз бетінше мәселеге адекватты түрде қарап, ой қорытындысын шығара алмайды. Мүмкіндігі шектеулі бала ұжымда психологиялық конфликтіге түсуі мүмкін. Ол құрбылары арасында пайда болады және бақылауда байқалмайды. Мұнда міндетті түрде ересектердің көмегі қажет болады. Конфликт көп жағдайда олардың бірлескен іс-әрекеті барысында туындаған қарама-қайшы көзқарастарынан шығады (мысалы: жалпы істі таңдау, міндеттерді бөлісу, еңбек материалдарын бөлісу және т.б.). Өз бетінше дұрыс әрекет ете алмағандықтан бағыт-бағдар беріп отыру қажет. Сонымен балаға әсер ететін ересектердің ықпалына тереңірек тоқталсақ.

Баланың үлкендермен қарым-қатынасының генезисіне тереңірек үңілсек А.С. Выготскийдің позициясына сәйкес әлеуметтік өмір және қоршаған орта адам дамуының органикалық қажетті жағдай болып табылады. Бала жастайынан қоғамға енеді және ол неғұрлым кіші болса, соғұрлым оның әлеуметтену деңгейі жоғары болады. А.С. Выготскийдің концепциясына сүйене отырып М.И.Лисина қарым-қатынастың әсерін ғана зерттеп қоймай, өзінің түсіндірмелік критерийлерін ұсынады. Сол арқылы баланың үлкендермен қарым-қатынас генезисінің концепциясын анықтау мүмкіндігі туды. Осыған сәйкес М.И.Лисина қарым-қатынасты іс-әрекеттің ерекше түрі деп қарауды ұсынды.

1) М.И.Лисина мүмкіндігі шектеулі баланың үлкендермен қарым-қатынасының келесідей критерийлерін бөліп көрсетті:

- 1) үлкенге деген қызығушылық
- 2) 2) үлкендердің әсерінің қабылдауындағы эмоционалды деңгейі
- 3) баланың үлкендерге бағытталған индивидуалды актілері
- 4) баланың үлкендердің оның әрекетіне деген қарым-қатынасы немесе сезімталдылығы.

Зерттеу нәтижесінде коммуникативті қажеттіліктің түрлілігі анықталды:

- I - ситуативті – жекелік (сәбилік шақ)
- II - ситуативті – іскерлік (ерте балалық шақ)
- III - ситуациядан тыс танымдық (мектепке дейінгі ерте орта шақ)
- IV - ситуациядан тыс - жекелік (мектепке дейінгі орта және жоғары деңгей).

Үлкендермен қарым-қатынас формаларының классификациясы оның психикасының басқа да қырларының дамуымен бірлікте қарауға мүмкіндік берді. Қарым-қатынастың әр бір жаңа формалары өткен формаларына сәйкес орнығады. Бала өскен сайын барлық коммуникативтік құралдарды жақсы пайдаланып, әрекет жағдайына қарай қарым-қатынас формасын өзгерте алады. Қарым-қатынастың дұрыс дамуы - әрбір қарым-қатынас формасының өздеріне сәйкес жас кезінде ретті түрде толығымен орындалғанда ғана жүзеге асады. Осы критерийлерге сүйене отырып мүмкіндігі шектеулі баланың өмірінде ересектердің орны ерекше екендігін байқауымызға болады. Нәтижесінде қарым-қатынасқа түсу қиын болғандықтан мінез –құлқында қиындығы бар девиантты балалар тәжірибеде көп кездеседі. Оларды тәрбиелеу үрдісі өте қиын, себебі жүйке жүйесі әлсіз және қозғыш келеді. Ондай балаларда эмоциональдық құлазу байқалады, олар теріс әрекетке үлкендердің назарын өзіне аудару үшін барады. (Айтқанды тыңдамайды, құрбыларына физикалық зақым келтіруі мүмкін және т.б.). Мұның алдын-алу үшін мұндай балаламен эмоциональды қарым-қатынасқа түсу керек. Ата-анасына балаға көп көңіл бөлу керектігін ескеру қажет. Ал баланың ата-анасы болмаған жағдайда тәрбиеші баламен жақын қарым-қатынасқа түсуі керек деп ойлаймын. Сонда ғана психологиялық тұрақты қоғамның белсенді мүшесін тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Собр. соч. в 6 т. М., 1983, 5т.
2. Годфруа Ж. Что такое психология? М., 1992, 2т.
3. Основы специальной психологии. Под ред. Л.В. Кузнецовой. М., 2003.
4. Социализация личности: норма и отклонение.- М., 1996.-224 с.
5. Певзнер М.С., Лубовский В.И. Динамика развития детей-олигофренов. М., 1963.
6. Сухарева Г.Е. Лекции по психиатрии детского возраста. М., 1974.
7. <http://gospsyh.ru/biletu-po-specialnoj-psixologii-specialnaya-psixologiya-kak-nauka-razdely-specialnoj.html>

Резюме

Только общительная, социально ориентированная личность находит свое место в обществе. Поэтому в этой статье описана важность общения в становлении личности детей с ограниченными возможностями.

Summary

If the person is adaptation for the society very easy, we can say that person will be able to find the place of development. So in this article we had written about role of relationship between the children with various disabilities and the adult.

ӘОЖ 551.324

Іздән А.К.-1курс магистранты, Тасболат Б.- г.ғ.к. доцент
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

СОЛТҮСТІК ТЯНЬ-ШАНЬ ТАУЛАРЫНЫҢ МҰЗДЫҚТАРЫ

Түйін

Бұл мақалада Солтүстік Тянь-Шань тауларындағы мұздықтардың таралуы мен орналасуы, қазіргі жай-күйі жайында мәліметтер келтірілген.

Кілттік сөздер: мұздықтар, мұзбасу, аңғарлық мұздық, абляция

Солтүстік Тянь-Шань тау жүйесі құрамына Қырғыз, Іле және Күнгей Алатаулары кіреді. Биік таулы бөлігінің жер бедері тілімденуі мен ежелгі мұзбасулардың іздерінің жиі кездесуімен ерекшеленеді. Біліктік жоталарының биіктігі 4000 м., жекелеген шыңдарының биіктігі 4500-4900 м-ге дейін көтеріледі. Іле Алатауындағы Талғар шыңы - бұл тау жүйедегі ең биік шың.

Қазақстан мен Қырғызстан аумағындағы Солтүстік Тянь-Шань тауларында жалпы көлемі 1493,1 шаршы шақырымды алып жатқан 1695 мұздық бар. Мұзбасулар ауданының 78 % мұздықтардың 35 % - аңғарлық мұздықтар құрайды [1].

Іле Алатауында ауданы 492 шаршы шақырымды қамтитын 464 мұздық бар. Күнгей Алатауында ауданы 411,1 шаршы шақырымға жететін 433 мұздық бар[2].

Солтүстік Тянь-Шаньдағы мұзбасулардың ірілерінің ең биігі орталық бөлігінде, ол шығындары батысы мен шығысында таралумен ерекшеленеді.

Ең ірі мұздықтар Талғар таулы алқабы мен Шоқкелер, Шелек өзендерінің бастауында шоғырланған. Олардың басым бөлігін көп камералы цирк тәрізді алаптарда шоғырланған аңғарлық және қазаншұңқырлық мұздықтар құрайды.

Іле Алатауының солтүстік беткейінде ауданы 308,3 шаршы шақырымды (ш.ш) алып жатқан 307 мұздық бар. Олардың ең ірісі Талғардың солжақ салаларында (83,7 ш.ш), Есік (53,0 ш.ш) және Түрген өзендерінің бастауында (39,5 ш.ш).

Мұздықтар ең биік бөлігінде және тау беткейлерінде шоғырланған барлық мұздықтардың 50 % астамын 1 ш.ш. аспайтын шағын мұздықтар құрайды. Солардың ең ірісінің ауданы – 17 ш.ш., ұзындығы 5,3 шақырым.

Аңғарлық мұздықтардан айқын байқалатын фирн алаптары бар. Тілдері жарықшақты, көлбеулігі 6-12°, аспалы мұздықтарда кең таралған. Олардың тілдері аңғарды бойлай созылып жатады. Тұтастай алғанда аңғарлық мұздықтар бүкіл мұздықтардың 22 % ауданының 65 % құрайды.

Қарлы, қарлы аспалы және аспалы мұздықтар жоталардың шеткі аймақтарында таралған. Ең ірі шлейфтік мұздыққа Талғар өзенінің солжақ саласындағы ауданы 6,2 ш.ш., ұзындығы 3,4 шақырымға жететін Туристер мұздығы жатады. Жотаның шығыс бөлігінде төбесі текшелі шыңдардың шағын мұздықтары да бар.

Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздықтардың ең төменгі шекарасы 3400-3500 м. биіктік аралықтарында орналасқан. 3400-3800 м. биіктікте жылдық орташа температура - 4;- 8°C, 4000 метрде -10; -12 °C аралығында ауткиды. Іле Алатауының солтүстік беткейінде 700-1300 мм мөлшерінде жауын-шашын түседі.

Соңғы 20 жыл бақылау қорытындысы бойынша жауын-шашынның орташа мөлшері 870 мм, ең көбі -1173, ең азы -633 мм. Оның 75-80 % көктемгі-жазғы кезеңде қатты күйінде түседі. Жекелеген мұздықтарда абляцияның (қарқынды еру кезеңінің) ұзақтығы 42-110 күнге дейін созылады[3].

Іле Алатауының мұздықтарына мұзтүзілуінің аккумуляция аймағының 70 % - мұздықты-фирнді алаңдар, 28 % - мұздықтың қоректені ақабы құрайды. Тек 2 % - суық фирн аймағы алып жатыр, маусымдық қататын бөлігіндегі температура -1,8: -2,5° аралығында ауткиды.

Тереңдік артқан сайын қысымның әсерінен мұздық балку нүктесіне жетеді. Мұздықтардың жылдық орташа қозғалу жылдамдығы 0 - 20 м/жылға тең. Тек жекелеген бөлікткрінде ғана жылына 40-60 тіпті 90-100 м-ге дейін жетеді.

Шокальский сияқты бірнеше мұздық қатарында ғана қозғалу жылдамдығы бірде артып, бірде кеміп отырады. Ұзындығы - 4,7 шақырым., ауданы - 10,8 шаршы шақырым. Аталған мұздықтың әр үш тармағы қарқыны бірде артып, бірде кемитін, өз бетімен дамиды режим тән. Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі Кіші Алматы өзенінің жоғарғы ағысында Тұйықсу таулы-мұздықты алабы орналасқан.

Олардың жалпы ауданы - 7,9 шаршы шақырым. Тұйықсу мұздығында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының тұрақты гляциологиялық зертханасы жұмыс істейді.

Тұйықсу мұздығының ұзындығы – 3,8 шақырым., ауданы – 3,2 ш.ш. Мұздықтың тілі – 3400, фирн сызығы – 3800 м биіктікте орналасқан. Орта бөлігіндегі мұздық қалыңдығы 50-80 м., жылына орта есеппен 22 м. жылжыйды. 1964-1974 жж. аралығында жылдық орташа аккумуляция 104,6 г/см², абляция – 118 г/см², баланс – 13 г/см² құрады.

Он жылдың бес жылында теріс, бес жылы оң баланс болды. Осы уақыттың ішінде алаптың басқа мұздықтарының балансы теріс болды (-11-ден -28 г/см²жыл). 1937-1962 жылдар аралығындағы 25 жыл бақылауда Тұйықсу мұздықтарының ауданы 0,1 ш.ш. кішірейді[3].

Іле Алатауының оңтүстік және Күнгей Алатауының солтүстік беткейлерінің мұздықтары Шелек пен Шоккелер өзендерінің бастауларындағы жоталардың ең биік біліктік бөліктерінде шоғырланған. Шелек өзенінің шығысындағы кең аңғарларда анық байқалатын трогалары бар мұздықты алып түзеді.

Күнгей және Іле Алатауының тоғысқан жерлерінде Жаңғырық, оңтүстік-шығыс Талғар және оңтүстік Есік өзендері бастау алатын солтүстік Тянь-Шаньдағы ең ірі Корженевский, Жаңғырық, Богатырь мұздықтары орналасқан.

Шелек өзенінің алабында ауданы 302,4 ш.ш. алып жатқан 249 мұздық бар. Солардың ішіндегі ең ірілері Шелек-Кеген мойнағының Талғар таулы алқабымен түйіскен жерінде шоғырланған. Олардың ішіндегі Қазақстан аумағындағы ең ірісі – Корженевский мұздығы, ұзындығы 11,7 шақырым, ауданы 38 шаршы шақырым., көлемі 6,3 текше шшақырым. Ол оңтүстік Есік өзенінің бастауында орналасқан.

Талғар таулы алқабының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Корженевский қоректену аймағы цирк тәрізді алаптан тұратын күрделі аңғарлық мұздық болып табылады. Бұл алаптағы мұз ағыны байланысқанымен бір-бірімен қосылмай, мұздықтың тіліне дейін қосылмай аңғарлармен ағады[3].

Мұндай жағдай солтүстік Тянь-Шаньдағы екінші ірі қазаншұңқырлық Богатырь мұздығына да тән. оның ұзындығы 9,1 шақырым, ауданы 30,3 ш.ш. Ол тілі қысқа үш мұз ілегінен тұрады.

Аталған мұздықтардың өздеріне тән режимі бар. 1964-1966 жылдар аралығында Корженевский мұздығының тілінің орташа жылдық қозғалысы 29,4, Богатырьдікі 6,1 метрді құрады. Олардың қозғалысы 1980 жылы артты.

Іле Алатауындағы мұздықтар соңғы 53 жылда 116 шаршы км-ге қысқарған. Бұл мұздықтың барлық ауданының 41%-ын құрайды. География институтының гляциология зертханасының болжамынша, мұздықтардың еру қарқыны 2090 жылға дейін созылады. Ал таза, тұщы су одан кейін тағы 70-80 жылға сақталуы мүмкін екеніне болжам жасап отыр.

Әдебиеттер

1. Тронов М.И.и Ледники и климат. Л.: Гидрометеоздат, 1966. С33-39.
2. Пальгов Н.Н. Сток ледников Казахстана.- в кн.:Гляциологические исследования. Заилийский и Джунгарский Алатау. Алма-Ата, Изд-во АН КазССР. 1965. С.56-64.
3. Пальгов Н.Н. Сток ледников Казахстана.- в кн.:Гляциологические исследования. Заилийский и Джунгарский Алатау. Алма-Ата, Изд-во АН КазССР. 1965. С.76-89.

Резюме

В этой статье представили информацию распределение и местоположение, текущее состояние ледников Северных Тянь-Шаня.

Summary

This article provided information on the distribution and location, the current state of the glaciers of the Northern Tien Shan.

ӘОЖ 372.8:376.4

Казимова Г.А.

ОҚО ББ «Шымкент қосалқы мектеп-интернаты» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Шымкент, Қазақстан

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ

Түйін

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалардың құрамын бас миының органикалық зақымдануынан жоғары психикалық функциялардың (қабылдау, ерікті зейін, сөздік-логикалық ойлау, сөйлеу) тұрақты түрдегі бұзылуына ұшыраған балалар туралы айтылады.

Кілттік сөздер: Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалар, олигофрения, психометриялық бағыт, инфекция, интоксикация, клиникалық жағдай, психологиялық жағдай.

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балаларға тән қасиеттер эмоцияның бұзылуымен түсіндірілетін шектен тыс қозғыштық, қызығушылықтың, әлеуметтік әрекеттердің қиындықпен дамуы болып табылады.

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалардың көпшілігінде физикалық дамудағы кемшіліктер дисплазия, бас сүйегінің деформациясы, аяқ-қолдардың пішініндегі өзгерістер, жалпы ұсақ қол моторикасы мен артикуляциялық моториканың бұзылуы түрінде байқалады.

«Ақыл-ой дамуындағы кемшілік» түсінігі психологиялық-педагогикалық тұрғыда бұзылу симптомдары арқылы олигофрения мен деменцияға бөлінеді.

Олигофрения (грек тілінен аударғанда *olygos* — азаю, кішірею, *phren* - ақыл) - тұқымқуалаушылық жолмен таралатын патологиялық жағдайлар, хромосомдық абберация әсерінен орталық нерв жүйесінің ұрықтық даму кезеңінде, постнатальды дамудың ерте кезеңінде (2 жастан-2,5 жасқа дейін) зақымдануынан болатын психикалық жетіспеушіліктің күрделі формасы.

Олигофрения кезіндегі органикалық жетіспеушілік психиканың жалпы даму заңдылықтарына байланысты түзету әрекеттеріне бейімділік көрсеткенімен, ОНЖ-нің тұрақты түрдегі бұзылу салдарынан тежелуге тән белгілерді береді.

Деменция (латын тілінен аударғанда *dementia* - аз мильлық) - танымдық әрекеттердің тұрақты түрдегі әлсіреуі. Деменцияның негізгі себептері нейроинфекцияның, соққылардың әсерінен резидуальды-органикалық бұзылулармен түсіндіріледі. Деменция кезінде гидроцефалия, ОНЖ-нің аурулары, шизофрения, эпилепсияның әсерінен интеллекті төмендейді.

Халықаралық аурулар жіктелісі бойынша (ХАЖ-9) ақыл-ой дамуының кешеуілдеуін үш деңгей бойынша қарастырады.

Дебил- ақыл-ой дамуының жеңіл түрдегі бұзылуы, имбецил - ақыл-ой дамуының орташа түрдегі бұзылуы, идиотия - ақыл-ой дамуының күрделі түрдегі бұзылуы. Қазіргі уақытта (ХАЖ-10) бойынша ақыл-ой дамуының жеңіл түрі, орташа түрі, күрделі түрі және өте күрделі түрі деп қарастырылады. [2]

И.Л.Баскакова, И.М.Бгажнокова, И.В.Белякова, Т.Н.Головина, Л.В.Занкова, А.Р.Лурия, В.И.Лубовский, Н.Г.Морозова, В.Г.Петрова, Б.И.Пинский, С.Я.Рубинштейн, И.М.Соловьева, В.А.Сумарокова, Ж.И.Шиф, М.С.Певзнер және т.б. зерттеушілер олигофренияның психологиялық құрылымдарына зерттеу жасауда оның клиникалық формаларын ұсынады.

М.С.Певзнердің ұсынуы бойынша олигофренияның жеңіл және күрделі формалары белгіленген. Ресейлік психиатрияда Г.Е.Сухарева 1956 жылы олигофренияның үш тобын бөліп көрсеткен.

- бірінші тобы - ата-аналардың генеративтік клеткаларының жетіспеушілігінен, ата-аналардағы тұқымқуалаушылық аурулардан болатын олигофрения;
- екінші тобы - ұрықтық даму кезеңіндегі патология (инфекция, интоксикация);
- үшінші тобы - туылу кезіндегі соққылар және ОНЖ-нің постнатальдық кезеңдегі зақымдануы. Ақыл-ой дамуындағы кемшілікті диагностикалау критерийлері үш түрде қарастырылады:
- клиникалық жағдайда (бас миының органикалық зақымдануы);
- психологиялық жағдайы (танымдық әрекетің тұрақты түрдегі бұзылуы); - педагогикалық (білімді игерудегі қиындық).

Көмекші мектептегі оқушылар құрамының психологиялық мінездемесі балаға кәсіби тұрғыдан бақылау жасаудағы мұғалімнің әрекеті қажетті ақпараттармен қарулануы арқылы анықталады. Дамудағы кемшіліктің диагнозы мен тарихын білу оқушының психикалық жағдайы мен тәртібіндегі ерекшеліктерді жақсы түсіну, оқыту мен тәрбиелеу ісінде мақсатқа бағытталған жеке әдістерді таңдай білуге көмектеседі.

Көмекші мектептегі оқушылар құрамын практикалық мақсатта анықтау үшін дамудағы кемшіліктердің себептерін ұрық кезінде немесе ерте нәрестелік шақтағы бас миының зақымдануы және мектепке дейінгі, ерте балалық шақтағы бас миының зақымдануы түрінде екі топқа бөліп қарастырамыз. Ақыл-ой дамуында кемшілігі бар балалар VIII түрдегі көмекші мектептерде білім алады. Арнайы мектептегі оқушылар құрамын «олигофрения» клиникалық диагнозы қойылған балалар құрайды. Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балаларды оқытудың ерекшелігі мынадай белгілермен анықталады:

Ақыл-ой дамуының кешеуілдеуінде баланың физикалық статусы өзгерістерге ұшырайды, яғни бала бойындағы физикалық жетіспеушілік бас миының күрделі бұзылуларының ерте кездегі анықталуымен сипатталады. Оларды ішкі органдардың өзгерістерге ұшырауы, туа пайда болған жүрек аурулары, тыныс алу органдар жұмысының бұзылуынан байқауға болады. Осы факторлардың барлығы балаға еңбек сабақтарында, физикалық күш түсіру кезіндегі сабақтарда коррекциялық жұмыстарды жүргізудің қажеттілігін анықтайды. Күрделі локальдық неврологиялық симптомдар олигофрения кезінде сирек кездеседі. Олар:

бас-миының зақымдануынан болатын қылилық, жоғарғы қабақтың төмен түсуі, нистагм (көз алмасының ритмикалық қозғалысқа түсуі), бет нервісі мен тіл асты нервтерінің салдануы;

- қимыл-қозғалыстың бұзылуы: салдану, буындар тонусының өзгеруі;

- қимыл-қозғалыстың дамуындағы кешеуілдеу, қимыл-қозғалыстың бұзылуы жылдамдықтың, дәлдіктің, ептіліктің бұзылуы;

- сөйлеу функцияларының қалыптаспауы;

- анализаторлар жұмысының бұзылуынан бала психикасындағы белсенділіктің төмендеуі;

- вегетативтік нерв жүйесінің бұзылуынан қан тамырларының дистониясы, тершеңдік.

Осы факторлардың барлығы олигофрен-балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі коррекциялық түзету жұмыстарының қажеттілігін байқатады.

Психикалық әрекеттің бұзылуы - олигофрения кезіндегі кемшіліктің негізін құрайды. Психикалық бұзылулардың клиникалық сипаттамасы мына факторларға тәуелді:

- орталық нерв жүйесінің бұзылуы;

- психикалық функциялардың белсенді дамуы кезіндегі жағымсыз әсерлер;

Психикалық кемшіліктер кезіндегі олигофрен – балаларға тән белгілер:

- қоршаған ортаны тану кезіндегі белсенділіктің төмендігі, ұмытшақтық;

- сөздік-логикалық ойлаудың төмендігінен өз ойын, пікірін, қоршаған орта туралы мінездемелерін берудегі қиындықтар;

- эмоциялық-ерік сферасының бұзылуынан мақсатқа жетудегі, өз инициативасын көтерудегі әлсіздіктер.

Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы олигофрен-балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі арнайы жүйелерді талап етеді. Жеңіл дәрежедегі олигофрен-балаларды оқыту мен тәрбиелеу оларды өмір сүруге бейімдеу мен жеткілікті білім беруді көздейді.

Әдебиеттер

1. Абаева Ғ.Ә., Төребаева К.Ж., Оразаева Г.С, Қартбаева Ж.Ж. «Арнайы педагогика», Алматы 2013.
2. www.defectolog.ru

Резюме

В этой статье написано об образовании детей с интеллектуальной недостаточностью. Также рассмотрены психологические-педагогические особенности детей с интеллектуальной недостаточностью с целью их интеграции в общество.

Summary

This article is written about the education of children with intellectual disabilities. Also we described psychological-pedagogical features of children with intellectual disabilities with the purpose of their integration into society.

ӘОЖ 004:33(072)

Касымбекова Н.С.

Жоғарғы жаңа технологиялар колледжі, Шымкент, Қазақстан

«АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ КӨЗДЕРІ-ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӘСІБИ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ КЕПІЛІ»

Түйін

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің даму қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы - өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне тез бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру міндеті. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінеді. Әлемдегі озық, бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына еніп, өркениетті елдермен иық тіресе тұру міндеті еліміздің ертеңгі азаматтарының қолында. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Кілттік сөздер: ақпарат, технология, құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті.

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін мекемелердегі бәсекелестік қабілеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандар даярлау - оқытушының басты міндеті. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру реформасы–Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді.

Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Кәсіби мамандарды дайындауда жүргізілетін барлық пәндерін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге оқушыны оқытуда бейне және ойын бағдарлама-ларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады. Осындай электрондық оқулықтарды оқытуда пайдаланудың негізгі дидактикалық мақсаты білім беру, білімді бекіту, дағды мен іскерліктер қалыптастыру, меңгеру деңгейін бақылау.

Көп функционалды электрондық оқулықтар:

- Оқушылардың өз бетінше білім алу қызметін ұйымдастыруға;
- Әр түрлі ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, объектілерді, құбылыстарды модельдеу сияқты, оқыту қызметін ұйымдастыру процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға;
- Оқу процесінде мультимедия технологияларын, гипермәтіндік және гипермедия жүйелерін пайдалануға;
- Оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін бақылауға;
- Оқытуды басқаруға, оқу қызметінің, тестілеудің нәтижелерін бақылау процесін автоматтандыруға интеллектуалдық деңгейіне қарай тапсырмалар беруге;
- Оқушылардың өз бетінше оқу қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға;
- Қазіргі заманда ақпараттық ағымдарды басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады.

Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Осылайша ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады.

Сонымен, электронды оқулық мынандай жағдайларда тиімді: талапқа сай құрылған, кері байланыспен лезде қамтамасыз ете алады; гипермәтіндік түсініктемелердің көп рет қолданған кезде уақытты үнемдейді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексереді; қысқа мәтінмен көрсете, айта және модельдей алады. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады. Студентке тиянақты білім беріп, білім сапасын көтеру жолында информатика пәніне қызығушылығын ояту үшін, АКТ-ны қолдану тиімді:

- Уақыт ұтамыз /көрнекілік дайындау т.б./
- Ұстаздардың өз білімін жетілдіруі, өзара тәжірибе алмасуы. / Internet жүйесі /
- Тәжірибе жинақтау. /компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады/.
- Бақылау мен бағалаудың объективлігін қамтамасыз етеміз.
- Оқушылардың қосымша білім алуына мүмкіндік туғызамыз.
- Қызығушылық /мотивация/ оятуға болады.
- Эстетикалық талғам ескеріледі.
- Заман талабына сай қажеттілікті ақтаймыз.
- Оқушылармен кері байланыс орнатылады.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орнының басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет - студенттің жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процессіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- студенттердің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);
- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Ақпараттық технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Сабақта жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастырумен, сандай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Оқытушылар үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- студенттің өз бетімен жұмыс істеуіне;
- уақытын үнемдеуге көмектеседі;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігі туындайды;
- қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік береді;
- экономикалық тиімді;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде көп көмегі бар;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктерін оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқына Жолдауы». Елбасының «Қазақстан жолы» – 2050 Астана 2014 ж.
2. Қ.Р. «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
3. Нұрмашқызы А.Қатысымдық құзыреттілік мәселесі туралы. // Білім.Образование. 2008 №6 б.32-33
4. Н.Назарбаев «Инновациялар мен оқу- білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» - Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқылған лекция. Астана, 2006.
5. Равен Дж.Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М., 2002.
6. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., БЖКБАРИ

Резюме

Образование признано одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан-2050». Общей целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. Президентом Казахстана была также поставлена задача о вхождении республики в число 30-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Совершенствование системы образования играет важную роль в достижении этой цели. Организационной основой реализации государственной политики Республики Казахстан в сфере образования должна стать Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, обеспечивающая продолжение модернизации казахстанского образования. Решение задачи обеспечения соответствия квалификации выпускников требованиям экономики связано, прежде всего, с развитием механизмов взаимодействия сферы образования и сферы труда при проектировании программ, оценке качества образования (освоенных компетенций), повышением гибкости в планировании и прогнозировании потребностей в кадрах, а также оперативности в формировании и обновлении программ.

Summary

Education is confessed by one of major priorities of long-term Strategy "Kazakhstan-2050". The general aim of educational reforms in Kazakhstan is adaptation of the system of education to the new socio-economic environment. By the president of Kazakhstan the problem was also set about included of republic in the number of the 30 th most competitive countries of the world. Perfection of the system of education plays an important role the achievement of this aim. In the field of education the Government program of development of formation of Republic of Kazakhstan must organizational basis of realization of public policy

ӘОЖ 7.792

Қашағанова Т.У., Тоғаев Б.Б., Құрманбаев С.А.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ ТЕАТР ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Түйін

Жер бетін мекендеген әр елдің өздеріне ғана тән, дініне, жылдың кезектескен маусымдарына, кәсіп еткен шаруашылығына, тұрмыс – салтына арналған мереке – жиындары бар екені баршамызға аян.

Кілттік сөздер: жазушы, шығарма, Елбасы, «Мәдени мұра», театр, өнер

Кейбір жазушылардың шығармаларынан «Қалғыған қазақ даласы» деген теңеуді жиі кездестіреміз. Сол «қалғыған» ұлан асыр сайын даламызда бір кездері қаншама өнер түрлері өмір сүргеніне бүгінгі күнгі ғылыми зерттеулер мен көркем әдебиеттеріміз көтерген мәселелер куә бола алады. Тарихшыларымыз, этнографтарымыз, фольклоршыларымыз ұсынып жатқан деректер көздері қаншама. Бәрінен бұрын Елбасымыздың қолдауымен әлі күнге дейін қарқынды істер атқарып келе жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасының халқымызға тарту етіп жатқан тарихи-көркем дүниелері бірнеше кітаптар сериясына ұласуда.

Міне, осы мереке – думандардың сән – салтанаты, ойын – сауығы, тамашалар қызығы өздерімен бірге дүниеге келді. Шын мәнінде мереке – адамзаттың тазалыққа, шаттыққа, көңіл шабытының серпілісіне арналған рухани науқаны. Ол – көк күмбез аспан асты аясында өмір сүрген ұлт пен ұлыстардың талай ғасырлар бойы тәжірибе елегінен өткізген, мәдениет пен өнерінің қазына-қорына жинақтаған асыл рухани дүниелері. Әлем көрмесіне тарту еткен қымбат жиһазы. Өткізілген мерекесі мен сабақтасқан өнерінің алтын тізбегінің мәніне қарап, әрбір елдің тарихи, рухани жетістіктерін айдан анық оңай танып білуімізге болады.

Ал, қазақ халқы шаруашылық пен саят және маусымдық мерекелерімен қатар өзге ұлттардан ерекшеленетін, негізгі мерекелерден тыс: көш-қон, жайлаудағы сейіл, қымызмұрын, бастанғы, алтыбақан сияқты түрлі ойын-сауық демалыстары өнердің әр алуан жанрларымен көркемделініп отырылған. «Дүниеге шыр етіп келіп, қара жердің құшағына енер» шағына дейінгі адам баласының өсіп-есею жылдарындағы думан-тойлар «әсем ән мен тәтті күй» өлең-жырлармен әрленіп, жаңарып жатты.

Күнделікті жарысқан қарапайым өмірдің өзінде күндізгі тыныс-тіршіліктен кейін, бүкіл елкешқұрымнан жиналып, ақтаңдарға дейін қараша үйдің ішінде батырлар жырын, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз жібек, Ер тарғын, Қобланды, Алпамыс сияқты ұзақ-ұзақ сүйіспеншілік пен ерлік дастандарын тыңдап, тамашалаған. Міне, осы өлең-жыр мен ұзақ оқиғаны баяндайтын дастандардың өрбуінен және оны жеткізуші ақындардың орындаушылық шеберлігінен біз, дап-дайын драмалық шығарма мен театр өнерінің элементтерін байқауымызға болады. Әсіресе «Поэзиялық ауыз әдебиетіндегі драмалық театр жанрына қатты ұқсайтын түрдің бірі – ақындардың айтысы»¹. Мұндағы драмалық элементтер ақындардың бірімен-бірі кезекпен сөз қайыруында, кейіпкерлердің диалогтары, монологтары тәрізді болып келсе, театрдың орындаушылық өнерінің элементтеріне ақындардың бет қимыл әрекеттері, анда-санда домбырадан босата салып қол мәнерімен түсіндіруі актердің мимика – жест амалына, барынша беріліп жан-тәнімен орындауы, кейіпкер жандылығына жатады (школа переживание – А. Токпанов аудармасы бойынша). Яғни ақынның жұрттың ынта-назарын аударуындағы қимыл-қозғалысы, оның бет құбылысындағы тартымдылық, қолындағы домбырасын, көзін, дене ырғағын ойнатудағы табиғи жарастығы, сахнада ойнайтын профессионал актердің шеберлігі сияқты. Ал, айнала тыңдап отырған жұрт, театр залында спектакль көріп отырған, көрермендей. Ақынның ұтымды, өткір сөздеріне егіліп, ақынмен бірге өмір сүруі, нағыз театрдағы шығармашылық құбылыс. Жырдың мазмұны мен ақынның өнеріне ұйып отырған тыңдаушылар – театрдың негізгі үш компонентінің бірі болып саналатын көрермендер.

Осы келтірілген аз мысалдардан кейін – ақ, қазақ даласында «Театр» деген сөздің өзі өмір сурмегенімен оның көп элементтері халқымыздың саф өнерінің негізін құрайтынына көзіміз оңай жетеді.

Орыстың театр өнерін зертеушісі В. Н. Всеволодский – Гернгросс «XVII – ғасырдың өзінде-ақ «Театр» термині пайда болғанға дейін театр өнері бізге таныс еді. Біз оны «комедия», оданда ертеректе «сауық» («потеха») дейтінбіз. Сахнаның мағынасын ұғындыратын «Театрум» деген термин бізге 1702 жылы жетті² – деп тұжырымдауы біздің ойымызды қуаттағандай. Ол, өзінің осы еңбегінде үйлену тойының өзі үлкен театрлық көрініс екенін былай атап өтеді: «Мәселен үйленіп жатқан жас жұбайлардың бойынан үлкен актерлік өнер байқаймыз. Айталық, тұрмысқа шығып жатқан қыз өзін барынша аяулы, мейірімді, кең пейілді жан екенін көрсетуге барынша тырысады. Ол сонымен қатар өте мәдениетті, жоғары тәрбиелі, көргені мен түйгені мол, үнемі үлдемен-бүлдеге оранып жүретін, дәулетті жан ұядан шыққанын айналасындағы тойға келген қауымға көрсетуге мейлінше тырысып бағады. Өз кезегінде күйеу жігіт те маңғаздана дархан, жомарт жанның образын ойнайды. Қыздың әке-шешесі де өздерінің көргені мен білетіні көп екенін, дәулеттерінің мол екенін, үнемі жарқын – жайдары жүретінін, мәдениетті жан ұя екенін байқатуға тырысады. Олар қыздарын мәпелеп, еш нәрседен тарықтырмай молшылықта өсіргендіктерін, өмірде тоқығаны көп тәрбиелі қыз ұзатып жатқанын көлденең тосатынын аңғартқандай күйде жүргенін көрсетеді. Ал күйеу жігіттің әке-шешесі де өздерін ең мәдениетті, сыпайы, жомарт, әр қашанда зиялы қауымның ортасында жүретіндерін мензеп бағуға тырысады. Тіпті тойға жиылған қонақтардың өзі де алғашқыда өздерін сыпайы, ақ көңіл жан етіп танытуға тырысады»-деп атап көрсетеді. Тап осы келтірілген орыс халқының үйлену тойы көрінісіндегі характерлер галереясы қазақ халқының да, өзге ұлттардың да үйлену және басқа да той-мерекелерінде кездесері сөзсіз. Сан алуан мінез қылықтарға бай құда мен құдағилардың образдары қаншама. Сонымен қатар тек әр ұлттың өздеріне ғана тән үйлену тойларында орындалып жататын іс – қылықтар, әдет – ғұрыптары бар. Біздің қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Әлбетте соның бәрінен де театр элементтерін байқауымызға болады. Айталық, қазақтың аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ы. Алтынсариннің «Орынбор қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты еңбегіне үңілер болсақ, қызды ұзату кезінде, той алдында жасалынатын «ит ырылдатар» салты бойынша жаңа келген күйеу бала босағадан аттар кезде ит болып ырылдап, ішке енгізбеуге әрекеттенген қыздың таймас жеңгесіне кәде бойынша ақы пұл төлеу қажет. Міне, біз ит болып ырылдаған келіншектің қимыл-әрекетінен нағыз актер шеберлігінің элементін көреміз. Таймас жеңге өзіне тиісті жорасын алмайынша қауып алар қабаған иттің табиғи қасиетін көрсете берері сөзсіз. Ежелден келе жатқан осы салтқа байланысты, өз кезегінде босағадан енді аттауға тиіс күйеу бала қаржылай немесе қымбат сый ұсынуы қажет. Содан кейін ғана «қол ұстату», «шаш сипату» жоралғылары басталатын. Сол сияқты «кемпір өлді» жорасы да күйеудің киіз үйден шығар сәтінде, қыздың жеңгелері жағынан қасақана істелінетін, ұйымдастырылған нағыз театрлық көрінісінің өзі дерсің. Күйеу аттанар кезінде кәрі кемпір жас шамасына қарамай табалдырық алдында өлген болып, демін тартып көлденең жата қалады. Күйеу бала кәрі кемпірді аттап кетуге ары бармасы хақ. Демек, өлген кемпірді тірілту керек. Ол үшін арнайы жорасын жасауы тиіс. Босаға алдында көлденең жатқан кемпірдің өліп қалған адамның образын салуы нағыз актерлік өнер – театр элементі.

Осы іспеттес қыз ұзатылар кезде жасалынатын салт-жораның бірі – «кебіс жоғалды»-деп аталады. Үйдің үлкен келіні аяқ астынан енесінің немесе өзінің кебісі жоғалғанын жария етіп айқай – шу көтереді. Әлбетте бұның бәрі ойын. Жас күйеуден қайтарар қарымның бірі. Жеңгенің аяқ астынан бұлдануы, өзгелердің де күйеу балаға «шынымен» сезіктене қарауы сенерліктей көрініс. Күдіктің бәрі өзіне ауғанын сезінген күйеу бала сый-тартусыз құтыла алмайтынын біліп, ата-бабалардан келе жатқан кәдугілі мәзірет бойынша алдын-ала дайындаған лайықты жолын жасайды. Қыз жеңгесі мен сыбайластарының қабағын түйген «шынайы» әрекеті кәсіби театрдағы белді актрисалар орындайтын рөлдермен бара – бар екені анық.

Актерлік өнер – ол театрдың басты компоненттерінің бірі. Демек, мысалға келтірілген үш көріністен де актерлік өнер шеберлігін оп-оңай аңғарамыз.

Әйтседе театр өнерінің шын мәнінде қазақ даласында өмір сүргенін, тарих ғылымының докторы Қ. Байпақов мырзаның Оңтүстік Қазақстан облысының X – XII ғасырда өмір сүрген «Құйрық Төбе» қалашығында жүргізілген археологиялық қазбаларынан табылған маска туралы: - «Қазақстанның территориясында қуақының маскасы бірінші рет табылып отыр. Бірегей бұндай олжаның табылуы X – ғасырда-ақ біздің өлкемізде театрдың, артистердің болғанына сеніммен қарауымызға мүмкіндік береді. Маскадағы шығыс еліне тән жайдарылық нышаны азиаттың кескін-

келбетін дәл береді»³ – деп, «Советская культура» газетіне интервью бергені біздің үмітімізді тірілтіп, күмәнімізді сейілтті, дәлелдей түскендей.

Археологтардың болжамы бойынша «Құйрық – Төбенің» орнында орта ғасырдағы ең ірі саяси – мәдени орталық Кедер қаласы болған.

Бір кездері жаудың кенеттен шапқан шабуылына ұшыраған зәулім сарайлар жермен-жермен болып, олар қайта бой көтермегені, бүгінгі ұрпаққа тарих арқылы мәлім. Міне, сондықтан да қазақтың ұрпағы өзінің өткен тарихын, халқының қуанышы мен қайғылы күндерін, елін сүйгендердің ерліктерін ертегі-аңыздардан, жыр-дастандарынан, шежіреден естіп өсті. Көне заман қалаларында қаншама кітапхана болды. Сол кездегі шеберлер еңбектерінің біріде бүгінгі күнге жеткен жоқ.

Ал, Асанқайғыдай ел қамын ойлаған ағамыз, өлімді жеңу үшін тайталасқанын, Қорқыттай күйшіміз болғанының өзі сол көне аңыз – дастандар арқылы жетті. Міне, тап солардай ондаған, жүздеген данышпандар аңыздарға да ілінбей, қаншама оқымысты ғалымдардың кітаптары мен қолжазбалары өздерімен бірге қабіріне көмілгеніне кім күмән келтіре алуы мүмкін. Қазақта театр өнерін «ойын-сауық» деп атау, оған талпыну ХХ ғасырдың алғашқы он жылдарының ішінде, тіпті оданда ертеректе басталған. Омбы, Семей, Орынбор, Уфа сияқты қалалардағы қазақ оқушыларының үйірмелерінде жазылып және қойылған шағын пьесалар, олар жайында «Айқап» сияқты журнал мен газет беттерінде басылған мақалалар көп нәрсенің мағанасын аңғартады.

Қазақ даласындағы өмір сүрген сайқымазақтар мен қу, шаншарлар өнері театр өнерінің ең басты элементі болып табылады. Ресей елінің театр өнерін зерттеуші ғалымы Кайдалова. О. өзінің «Традиции и современность» деген еңбегінде «Қазақ және қырғыздарда театр өнері - ең қызық өз бастамасын орындаушының ойдан шығарған әңгіме, көріністерін шеберлікпен орындау үлгісінен алады. Қазақтарда ол «қу», ал қырғыздарда «қуудул» деп аталады. Халықтың бұл қуақылары әдетте бір топқа бірікпей, әрқайсысы жеке ел аралап өз өнерін көрсетеді»¹

Қу, шаншар, сайқымазақтар өзінің басынан кешкен әртүрлі қызық жағдайлары мен таныстарының айтқан тартысты оқиғаларынан құрастырған монопьесасын орындау шеберлігіне дайындап, жиналған топ алдына шығатын. Ал, бұл дегеніміз нағыз Европа үлгісіндегі моноспектакль (моно-грек тілінде «бір» деген, спектакль латын тілінде «көрініс» деген ұғымды білдіреді)². Қу, сайқымазақ, шаншарлар өткірлігі мен тапқырлығы, әлдекімдердің жағымсыз қылықтарын айнытпай салар қабілеттілігімен жұрттарды өзіне баулып алатын. Оларсыз бірде-бір мереке, жиын, тойлар өтпейтін. Әйгілі қуақыларды әр ауыл таласа – тармаса кезектесіп қонаққа шақыратын. Олардың өнерін көруге алыс-алыс ауылдардан, жүздеген шақырым жерден ат арылтып сауық құмар көрермендер келетін. Көбінесе олар көп халық жиналатын жәрменкелер мен бұқаралық мерекелерде өнерін көрсететін. Сондықтан да қу, сайқымазақ, шаншарлар қоршаған көрермендер алдында қас-қабағы, қол ишаратының мән – мағынасын, дауыс ырғағын, суырып салмалық пен сөз саптау қасиеттері халыққа әсерлі жету үшін, бар өнерін салып, шебер орындауға тырысатын. Бұл, орындаушылық өнері, ежелден қалыптасқан театр өнерінің талап-тілегі. Қазақ даласының қулары әр түрлі дауысты салуда үлкен жетістіктерге жеткен шеберлер. Иттің үргенін, қойдың маңырағанын, жылқының кісінегенін, желдің ызыңын қиналмай-ақ нанымды етіп жеткізетін. Әсіресе өздері дайындаған монопьесаларындағы кейіпкерлерді айнытпай салуға аса көңіл аударатын. Сондықтан да оларда көргенін өте тез қағып алар қағылездік, айнытпай салар шеберлік, мұқияттылық, алғырлық, ұшқыр қиял-ой, ерікті-еріксіз назар аудару қабілеттілігі басым болаты. Қу, шаншар, сайқымазақтар өнердің барлық түрлерін тамаша орындай білген. Олар ән айтып, күй тартып қана қоймай, кейбіреулері цирктің номерлерін де асқан шеберлікпен көрсете алатын.

Міне, осы қу, шаншар, сайқымазақ өнерінің белгілі өкілі Кеңестер Одағының артисі Қалыбек Қуанышбаев еді (1893 – 1968ж.ж). Ол жас кезінен-ақ өз халқының асыл өнерін бойына сіңіре білді. Құйқылжыта ән салумен қатар күлдіргі әңгіме айтуға машықтала бастаған Қалыбек, шаншардың күлдіргі құларынан өнеге алып, Қоянды жәрменкесінде өткізіліп отырған тамаша ойын –сауықтың ұйытқысы бола білді. «Қалыбек пен Омардың мысқыл-әжуасы аралас, майын тамызып, шебер айтатын күлдіргі әңгімелерін, ор қояндай секіріп, қыран бүркіттей шаңқылдаған Зарубай Құлсейітовтың сиқырлы ойынын көріп, дүйім жұрт бейне бір театрдың өнерін тамашалағандай әсер алатын»³.

Қалыбек Қуанышбаев сол кездің өзінде-ақ керемет актерлік дарынын танытумен қатар, ащы мысқыл, өткір әжуа, тақпақ – өлеңдердің авторы, әрі көркем орындаушысы болатын. Қ. Қуанышбаевтың өзі жасап алған репертуарындағы «Қыз ұзату», «Қой күзету», «Қарабай», «Сарыбай», «Қу құдай» т.с. с. шағын сатирикалық әңгімелерінде тұрмыстың қиыншылығын, бай шонжарлардың өктемдігін, билердің әділетсіздігін ащы мысқылмен шенеп отырды. Қалыбектің ұстаздары әрі нағашылары Тонтай, Торсықбай Мауқай сияқты Шаншар руынан шыққан « ащы тілді»

қулар кез-келген ауылдың қошаметті қонағы еді. Олардың уытты мысқыл әңгімелері ел-жұрт арасында әкеден балаға тарап отырды. Бұл әңгімелерді көбінесе бір қудың өзі ғана орындайтын. Міне, осы бір деректер қатарының өзінен-ақ, ежелгі қазақ даласында театр өнерінің элементтері өмір сүргенін, тіпті мол болғанын ап-анық аңғарамыз. Ал, қазақтың таулы –қырлы, шөлді-көлді сайын даласында, әліде зерттелмеген қаншама көркем мұралар бар десеңізші. Бұл бүгінгі және болашақ ғалымдардың зерттеу нысандарының негізгі түрі болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Әуезов М.О. 20- том. шығар . жинағы. Алматы: Жазушы, 1985.-Б. 79.
2. Из истории советской науки о театре: 20-е годы. М., 1988.-Б.102.
3. Байпаков К. Маски из Отрара// Сов.культура.-1987.-5 янв.
4. Кайдалова О. Традиции и современность.-М., 1977.-Б.12.
5. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан, 1974.-Б. 234.

Резюме

В статье с исторических позиций рассматриваются элементы театрального искусства в обрядах казахского народа.

Summary

In article with history position are considered elements theatrics in piteofkazakh folk.

ӘОЖ687.157

Мырзақұлова А.Ж., Карибозова А.М., Тюмебаева Ф.П.

М.Сапарбаев атындағы ОҚГИ-ның «Парасат» колледжі, Шымкент, Қазақстан
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

КИИМ – ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Түйін

Жаңалыққа ұмтылушылық мәдениет пен техника дамуында негізгі қозғаушы күш болып саналады. Бұл жағдайда шығармашылық үшін белсенді әрекет жасау құралы болып халық философиясын бойына жинақтаған ұлттық киімдер саналады. Мәдениеттің бір құрамдас бөлігі ретінде киімді модельдеу де ұлттық бояуға, нақышқа, ұлттық сипатқа ие болуы тиіс.

Кілттік сөздер: ою – өрнек, мата, силуэт, аяқ киім, бояу, нақыш.

Киім – адамның денесіне киюге арналған бұйым, жасанды жамылғы түрлері. Қоғам дамуындағы материалдық, рухани, әлеуметтік талаптарға сай киім жиі өзгеріске ұшырап отырады. Киім адамның дүние – танымдық, эстетикалық талғамдарына жауап беру арқылы даралық айқындау қызметін атқарады, тұлғаның әлеуметтік жағдайын танытады. Осы сияқты киімнің әр бөлігінің өзіндік қызметі бар.

Киім адам денесін қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен сақтау қажеттілігінен пайда болған. Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылған. Адамдар алғаш аң терісінен жасалған киімдерді пайдаланған, неолит дәуірінде шөп орамынан тоқылған белдемшелер киетін болған.

Дизайн стиль қалыптастыру процесінде көркемдік пішін қалыптастырудың әр түрлі аспектеріне тікелей қатысты бола отырып, ұлттық дәстүрді де есепке алады.

Ұлттық киімнің пішіні мен құрлымы, оның элементтері әрқашан да мата түріне, оның созылымдық пластикалық сипатына, фактурасына, ою-өрнегіне, түсіне бағынышты. Киімнің конструктивтік принциптерінің шешімі, алдын ала ойластырған жоба, пішім мен сәннің сәйкестігі, мата мен пішін қолданысының үйлесімділігі киімнің жаңа үлгісін жасауда дизайнерлік шешімнің үлгісі болып табылады.

Қазіргі сән үлгілерінде ұлтаралық белгілерге қоса, әр елдің өзіне тән интернационалдық тұрмыс-салттық ерекшеліктер, ұлттық мәдениет түрі, ұлттық дәстүрі көрініс тапқан. Ұлттық киім халықтық өнер сияқты қазіргі модельдеу үлгісін дамытып, әрі байыта отырып, онымен сіңісіп

кететінің уақыт көрсетті. Суретші сәнгердің ұлттық өнердің заңдылығын терең түсіне отырып, дәстүрді жаңаша ойлауы шығармашылық іс-әрекетіне жаңа бағыттар ашады[1].

Сән-барлық әлеуметтік өзгерістер ішіндегі ең сезімтал құрал, күрделі психологиялық құбылыс. Өнертанушылар сәннің әлеуметтік құбылыс ретінде пайда болуын ежелгі орта ғасыр дәуірінен, дәлірек айтқанда, ХІҮ ғасырдың соңы мен ХV ғасырдың жарты жылдығының басынан басталды деп есептейді. «Сән» құбылысының шын мәнін түсіну үшін, оның пайда болуы мен қызметінің терең механизмін ашу үшін қоғамда сәнді зерттеуге әлеуметтік жағдай жасалынады. ХІХ-ХХ ғасыр аяғында сән зерттеушілері оның шығуы мен дамуының әлеуметтік себептерін, сән қолданысының эканомикалық және мәдени салдарларын талдай келіп, оны әлеуметтік феномен ретінде қарастырды. Сәнді әр түрлі көзқарас тұрғысынан, атап айтқанда, әлеуметтік психология, психологиялық талдау, нарық капитализмнің эканомикасы және мәдениеттану тұрғысынан зерттеді. Қай тұрғыдан алып қарасақ та, сән-қоғам дамуын анықтайтын қозғалыс ретінде адамзат өмірінде маңызды рөл атқарушы компоненттердің бірі. [2].

Ұлттық киім ансамбілінің сәнді құрлымдық және көркемдік-бейнелілік бірлікке қол жеткізуінің тәсілдері мен құралдары оларға терең талдау жасауды қажет етеді. Оған түстер мен қарама-қарсы түстердің үйлесіміне және конструктивті сызықтар жасаудың пластикасы мен айқын силуэтті сызықтардың сәйкестігіне негізделген мүсіншілік пен пластикалық принциптер жатады. Костюмнің түрлі безендірілуі мен кию тәсілі оған шат-шадыман, көңілді мерекелік көңіл-күй немесе байыптылық, салмақтылық сипат берді.

Ұлттық киім мен оның элементтері бас киімдері, иық және белдік бұйымдары, сәнді әшекейлері, т.б. аксессуарлары республиканың барлық әлеуметтік топтары арасында әрқашан үлкен сұранысқа ие. Дәстүрлі киім үлгілері Республикада өткізілетін түрлі ұлттық мерекелерде («Наурыз», «Тәуелсіздік күні»), түрлі әдет-ғұрып дәстүрлерде («Бесік той», «Шілдеhana», «Қырқынан шығару», «Қыз ұзату», «Жастар тойы»), дәстүрлі көріністер-ұлттық ойындарда, жарыстарда («Аксүйек», «Бәйге», «Көкпар», т.б.) көрсетіледі.

Бүгінгі таңда дизайнерлер ұлттық киімнің эмоционалды-көркемдік бейнесінде қазіргі өндірістің жаңа технологиясын, жаңа әдісін, жаңа матасын пайдалана отырып, бүгінгі күн талабына сай костюмнің моделін жасауға ұмтылады. Ең басты міндеті-жаңа модель құруда ұлттық киімнің рационалдық (тепе-теңдік) принципін, құрлымдылық ерекшелігін сақтау. Белгілі бір қасиетіне, сапасына сәйкес жаңа маталар мен көмекші материалдардың пайда болуы киімді пішінге келтірудің, оның технологиясын дайындау принциптерінің жаңа әдіс-тәсілін тудыртады.

Ұлттық мотивтерге негізделген қазіргі киім (басқа да дизайн заттары сияқты) утилитарлық қызметке бағынады. Ұлттық киім интерпретация объектісі бола отырып, мындай мәселе қояды № қазіргі костюмнің көркемдік шешіміне эмоционалды сезімнің артуы мақсатында ұлттық киімнің басты белгілері тұтасымен қалай енуі керек. Сондықтан суретші эскиздік жұмысқа кіріспес бұрын ұлттық киімнің бұрынғы кезеңдік өмірін, оның атқаратын қызметін, түр-түсін, әдет-ғұрыпын дәстүрінде алтын орнын, қоршаған ортамен байланысын зерттеп, бойына сіңіруі қажет[3].

Қазақ ұлттық киімдері-халықтың материалдық мәдениетіндегі айқын және өз ерекшелігі бар құбылыс № ол пішін логикасымен, құрылым тұтастығымен, түр-түсінің байлығымен, бояуының қанықтығымен таңғылдырады. Ұлттық киім негізінде пішімінің қалыптасуы мен ою-өрнегінің орналасуы, түр-түсінің сәйкес келуіне сай принциптер мен ерекшеліктер жатыр. Қашан, қайда және қандай үйлесімде киім кию қажеттігін уақыт пен дәстүр шешіп берді. Ғасырлар бойы жинақталған осындай ерекшеліктерді ұлттық киімнің көркем безендірілу мен құрылым принциптері ретінде бағалауға болады[4].

Халық киімдерін зерттей отырып, оның барлық пластикалық байлығын, пропорционалды қарым-қатынас көркемділігін, түр-түсінің, гаммасының фактурасының әр түрлілігін және ритм байлығын сезінуге болады.

Костюмді жобалау кезінде ұқыпты, әрі тиянақты іздену және жан-жақты зерттеу нәтижелері ғана ешқандай еліктеушілікке жол бермейді. Қазақ халықтық киіміне негізделген қазіргі заман киімінің даралық шешімін оның негізін еске ала отырып, толық көшірмей, тек қана тақырып түбірін әрі оған қатысты сапаларын ескерген жөн. Қазақтың ұлттық киімдері халқымыздың өмір тіршілігімен, философиясымен, дәстүрі және әдет-ғұрпымен тығыз байланыста дамыды. Ұлттық киімдер үздіксіз эстетикалық жағынан жетілдіру процесін бастан кешірді, оның пішіні, түр-түсі, конструкциясы көп ғасырлық тәжірибеден өтті. Халық өзінің эстетикалық талаптарына, іс-әрекетіне, тұрмысына, географиялық және климаттық ерекшелігіне сәйкес киім пішінін жасап, оны сақтап қалады [6].

Ұлттық киімнің негізгі мазмұны, құндылығы-оның демократиялығында, функционалдылығында, пішін логикасы мен конструкциясында, рационалдығы мен тұтастығында.

Ұлттық киімнің барлық құрамдас бөліктері (бас киімі, иығы, белдігі және сыртқы киімі, аяқ киімі, безендірілуі) бірін-бірі толықтырып, біртұтас көркем ансамбль құрайды. Оған көркем сипаттағы құрылым тән. Халқымыздың ұлттық киімдерінің мата дайындау тәсілінен, киім түрлерінің әр түрлі пішімі мен кестеленуінен, аппликациялауынан, нәзік ойықтарынан халықтың рухани мәдениетімен астасқан маңызды дәстүрлік жай-күй орын алған.

Ұлттық киімде жеке бөліктері мен компоненттері үйлесім тапқан. Ұлттық киімдегі ритмикалық силуэтті сызықтардың түр-түсі табиғи түспен үйлесіп, тұтас айқын көрініс беретін, маңызды рөлді атқарады. Ол пішін көркемділігімен, сымбаттылығымен, сәнді өрнектерімен өте әсем көрінеді[5].

Әдебиеттер

1. Г. Тәкішева, Б. Асанова «Киімді модельдеу және көркемдік безендіру» «Фолиант» баспасы Астана -2008 ж [18,148 бет].
2. С. Асанова «Қазақтың ұлттық киімдері» Фолиант» Астана-2008ж [39 бет].
3. С. Асанова «Сымбат» Қазақтың ұлттық киімдері «Атамұра». Алматы 1995ж [87 бет].
4. Б. Хинаят, Б.Сужикова «Қазақ халқының ұлттық киімдері» «Алматы кітап» 2011ж [69 бет].
5. Ө. Жәнібеков «Қазақ киімі» Алматы «Өнер» 2005ж [76 бет].
6. Құланбаева Б. Б., Керімшеева Г.Ж.

Резюме

Основной движущей силой развития культуры и техники является стремление к новому. Для развития этого направления основывается на соблюдении философии национальной обычаев и соблюдение национальной нарядов. Одним из направлений в развитии фасонов, национальной одежды является саблюдение. Как часть одного из направлений культуры является саблюдение национальных фасонов одежды и национальных узоров.

Summary

The main driving force behind the development of culture and technology is the desire for a new. For the development of this direction is based on the observance of the philosophy of national customs and the observance of national dresses. One of the directions in the development of styles, national clothes is the observation. As part of one of the direction of culture is the observation of national styles of clothing and national patterns.

УДК 541.18

Оразов И., Жуманбекова А.А., Ахметжанова Н.Е.
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ПОНЯТИЕ О СЕМЕЙСТВЕ СЛУЧАЙНЫХ ВЕЛИЧИН

Резюме

До сих пор мы рассматривали только отдельные случайные величины. В природе так как явления в этой статье протекают во времени и пространстве то будем иметь дело не с отдельными слкчайными величинами, а с семейством случайных величин зависящих от времени.

Ключевые слова: Случайный процесс, реализация, семейство, состояние, элементы процесса, градация.

Под случайными процессами обычно подразумевают случайные величины, изменяющиеся в зависимости от времени или какого-либо другого параметра. Например, при малых временных интервалах плодородие почвы – функция пространственных координат; при интервалах времени, измеряемых десятками, сотнями, тысячами лет, нужно еще учитывать зависимость от времени.

Приведем еще один пример. Количество рождающихся детей на каждую тысячу человек населения данного региона хотя и измеряется статистическими органами ежегодно, но от времени оно зависит относительно. Рождаемость – это функция возрастной структуры населения и других

условий, в первую очередь, планирования числа детей в семье. Рождаемость зависит также от традиций и многих других факторов, а от времени она зависит лишь постольку, поскольку все факторы, влияющие на рождаемость, развиваются во времени.

Определение 1. Случайным процессом называется семейство случайных величин $X(t) = X_t(\omega), t \in T$, заданных на вероятностном пространстве $\{\Omega, S, P\}$, где T – некоторое множество значений параметра.

Параметр t обычно интерпретируют как время. Функцию времени $X_t(\omega_0)$ при фиксированном элементарном событии $\omega_0 \in \Omega$ называют реализацией (траекторией) случайного процесса. Если фиксировать значение времени t_0 , то $X_{t_0}(\omega)$ – обычная случайная величина.

Если параметр t принимает дискретные значения (обычно $t = 0, 1, 2, \dots$), то $X(t)$ – процесс с дискретным временем (случайная последовательность), если же t изменяется на некотором интервале, то $X(t)$ – процесс с непрерывным временем.

В свою очередь, если случайные величины семейства принимают дискретные значения, то имеет место процесс с дискретными значениями, если же непрерывные, то с непрерывными значениями.

Так как речь идет о семействе случайных величин, то их взаимозависимость может быть охарактеризована только многомерными распределениями.

Определение 2. Случайный процесс считается заданным, если для любого набора $0 \leq t_1 < t_2 < \dots < t_n, t_i \in T$, указано многомерное распределение

$$F_{t_1, t_2, \dots, t_n}(x_1, x_2, \dots, x_n) = P\{X(t_1) < x_1, X(t_2) < x_2, \dots, X(t_n) < x_n\}, \quad (1)$$

причем эти распределения согласованы между собой, т.е. при $n' < n$

$$F_{t_1, t_2, \dots, t_{n'}}(x_1, x_2, \dots, x_{n'}) = F_{t_1, t_2, \dots, t_{n'}}(x_1, x_2, \dots, x_{n'}, +\infty, \dots, +\infty).$$

Определение 3. Случайный процесс $X(t)$ называют процессом с независимыми значениями, если для любого набора $0 \leq t_1 < t_2 < \dots < t_n, t_i \in T$, случайные величины $X(t_1), X(t_2), \dots, X(t_n)$ независимы.

Многомерные распределения случайного процесса с независимыми значениями целиком определяются одномерными распределениями, так как

$$F_{t_1, t_2, \dots, t_n}(x_1, x_2, \dots, x_n) = F_{t_1}(x_1)F_{t_2}(x_2) \dots F_{t_n}(x_n). \quad (2)$$

Теперь рассмотрим случайные процессы с дискретным временем и дискретным конечным множеством значений – состояний S_1, S_2, \dots, S_m , в которых находится элемент (или частица) процесса.

Например, каждый работник предприятия в любой рабочий день может находиться в одном из следующих состояний: S_1 – работает, S_2 – в командировке, S_3 – в отпуске, S_4 – болен. Как видим, состояния могут быть не обязательно числовыми.

Состояния студентов на начало учебного года могут быть определены, например, так: S_1 – первокурсник, S_2 – второкурсник, S_3 – третьекурсник, S_4 – четверокурсник,

S_5 – выпускник, S_6 – окончил, S_7 – выбыл. В качестве единицы времени в данном случае естественно рассматривать год.

В данной статье рассматриваются случайные процессы $X(t)$, в которых $X(t)$ принимает значение того состояния, в котором процесс (т.е. его элемент) находится в момент t . Рассмотрим моменты $t_1, t_2, \dots, t_i, \dots$; как и ранее, $X_i = X(t_i)$ и X_i принимает значения S_1, S_2, \dots, S_m .

Простейшим обобщением процесса с независимыми значениями является марковский процесс, для которого

$$\begin{aligned} P(X_i = x_i | X_1 = x_1, X_2 = x_2, \dots, X_{i-1} = x_{i-1}) = \\ = P(X_i = x_i | X_{i-1} = x_{i-1}), \end{aligned} \quad (3)$$

т.е. вероятность попасть в состояние $X_i = S_i$ в момент t_i зависит не от всего прошлого, а лишь от состояния $X_{i-1} = S_i$, в котором процесс был в предыдущий момент времени t_{i-1} .

Если обозначить $P(X(t_i) = S_i | (t_{i-1}) = S_i) = p_{ij}$, то получим матрицу P с элементами p_{ij} . Матрица P размера называется матрицей вероятностей перехода, поскольку ее элементы – вероятности переходов из состояния i в состояние j .

Далее будем рассматривать марковские процессы, для которых разности смежных моментов наблюдения $t_i - t_{i-1}$ равны постоянному числу (шагу для простоты принимаемому в качестве единицы времени) и все возможные состояния перечислены. Такие марковские процессы называют цепями Маркова.

Марковские цепи называются однородными по времени, если вероятности перехода за единицу времени не зависят от того, где на оси времени происходит переход.

Рассмотрим примеры цепей Маркова с конечным множеством состояний.

Пример 1. Множество состояний студентов ЮКГУ им.М.Ауезова с четырехгодичным сроком обучения следующее: S_1 -первокурсник, S_2 -второкурсник, ..., S_3 -третьекурсник, S_4 -выпускник. Студенты могут выбывать из вуза в результате отчисления и его окончания, поэтому дополним систему следующими состояниями: S_5 -специалисты, окончившие вуз, и S_6 -лица, обучавшиеся в данном вузе, но не окончившие его.

Для множества учащихся вуза теперь все возможные состояния перечислены. Составим матрицу переходов из состояния в состояние, предполагая, что исключенные не могут быть восстановлены.

Из состояния S_1 (первокурсник) за год возможны переходы в следующие состояния: S_2 (второкурсник), S_1 (остаться на 1 курсе) и, наконец, переход в состояние S_6 (выбыло из вуза). Остальные переходы считаем невозможными. Поэтому первая строка матрицы состоит из трех положительных чисел: p_1 -вероятность выбыть из института, r_1 -переход на II курс и q_1 -остаться на I курсе. Итак, $p_{11} = q_1, p_{12} = r_1, p_{16} = p_1(q_1 + p_1 + r_1 = 1)$; остальные вероятности перехода равны 0.

Для второкурсника (состояние S_2) возможны переходы в состояния S_6, S_2 и S_3 с вероятностями $p_{23} = r_2, p_{22} = q_2, p_{26} = p_2(p_2 + q_2 + r_2 = 1)$. Аналогично вводятся вероятности перехода для состояний S_3, S_4 и т.д.

Поэтому матрица вероятностей переходов имеет следующий вид:

$$P = \begin{pmatrix} q_1 & r_1 & 0 & 0 & 0 & p_1 \\ 0 & q_2 & r_2 & 0 & 0 & p_2 \\ 0 & 0 & q_3 & r_3 & 0 & p_3 \\ 0 & 0 & 0 & q_4 & r_4 & p_4 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 1 \end{pmatrix} \quad (4)$$

Пример 2. Для многих экономических задач необходимо знать чередование годов с определенными значениями годовых стоков рек. Конечно, это чередование не может быть определено абсолютно точно. Для определения вероятностей чередования (перехода) разделим стоки (элементы процесса), введя четыре градации (состояния): первую, вторую, третью, четвертую и пятую. В результате накопления влаги (в земле водохранилищах и т.д.) будем для определенности считать что за первой градацией (самый низкий сток) никогда не следует пятая (самый высокий сток), а за пятой – первая. Допустим, что остальные переходы возможны и:

из первой градации можно попасть в каждую из средних градаций трое чаще, чем опять в первую. Следовательно вероятности переходов из первой градации соответственно равны $p_{11} = 0,1, p_{12} = 0,3, p_{13} = 0,3, p_{14} = 0,3, p_{15} = 0;$

из пятой градации переходы во вторую и третью, четвертую градации бывают в два, три, четыре раз чаще, чем возвращение в пятую градацию, поэтому $p_{51} = 0, p_{52} = 0,2, p_{53} = 0,3, p_{54} = 0,4, p_{55} = 0,1;$

из второй градации переход в другие градации может быть только реже: в первую – в один раз, в один раз, а в четвертую – в один раз, в пятую три раза, чем переход во вторую, следовательно, $p_{21} = 0,2, p_{22} = 0,3, p_{23} = 0,2, p_{24} = 0,2, p_{25} = 0,1;$

из третьей градации переход во вторую градацию столь же вероятен, как и возвращение в третью градацию, а переходы в первую и пятую градации бывают в три раза реже, переход в четвертую один раз реже, чем переход в третью поэтому: $p_{31} = 0,1, p_{32} = 0,3, p_{33} = 0,3, p_{34} = 0,2, p_{35} = 0,1.$

из четвертой градации переходы во вторую, а также третью один раз чаще, чем возвращение в четвертую градацию, переходы в первую и пятую градации бывают один раз реже, чем переход в четвертую, поэтому $p_{41} = 0,1, p_{42} = 0,3, p_{43} = 0,3, p_{44} = 0,2, p_{45} = 0,1.$

Таким образом, матрица вероятностей переходов для стоков реки такова:

$$p = \begin{pmatrix} 0,1 & 0,3 & 0,3 & 0,3 & 0 \\ 0,2 & 0,3 & 0,2 & 0,2 & 0,1 \\ 0,1 & 0,3 & 0,3 & 0,2 & 0,1 \\ 0,1 & 0,3 & 0,3 & 0,2 & 0,1 \\ 0 & 0,2 & 0,3 & 0,4 & 0,1 \end{pmatrix} \quad (5)$$

В примерах (4) и (5) получены две матрицы вероятностей переходов из одного состояния в другое: в первом примере семь состояний, а во втором – четыре. Если цепь Маркова имеет m состояний, то ее строки представляют собой m распределений вероятностей. Для однородных цепей Маркова матрицы вероятностей переходов не зависят от времени. Для краткости матрицы P называют просто матрицами переходов или переходными матрицами.

Переходные матрицы обладают следующим свойством: все их элементы неотрицательны, и суммы по строкам равны единице. Иногда матрицы с таким свойством называют стохастическими. Матрицы переходов позволяют вычислить вероятность любой траектории элемента случайного

процесса, представляющего собой цепь Маркова, с помощью соотношения (1) и (3) (см. Задачи (4), (5)).

Литература

1. Гмурман В.Е. Теория вероятностей и математическая статистика. – Москва: Высшая школа. 2001. – 380 с.
2. Бектаев Қ.Б. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы: Эверо, 2014. – 128 с.

Түйін

Әзірге біз тек жеке кездейсоқ айнымалы мәндерді қарастырдық. Табиғатта, осы мақалада келтірілген құбылыстар уақыт пен кеңістікте жүргендіктен, біз кездейсоқ шамалармен, ал уақытқа тәуелді кездейсоқ айнымалы отбасымен жұмыс істемейміз.

Summary

So far we have considered only individual random variables. In nature, since the phenomena in this article proceed in time and space, we will not deal with individual random quantities, but with a family of random variables that depend on time.

ӘОЖ: 93:37.013.11

Оспанкулова А.А.

«Авиценна» медициналық колледжі, Шымкент, Қазақстан

БИОЛОГИЯНЫ ОҚИТУДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Түйін

Баяндама барысында математика пәні мұғалімінің ауыл мектептерінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану жұмысы көрсетілді.

Кілттік сөздер: биология, кәсіби оқыту, сапалы білім, биологияның қоғамдық пәндермен байланысы

Жаңа жүзжылдықтың басында елдегі экономикалық ахуалдың жақсаруы, қоғамның даму қарқыны білім берудің міндеттерін қайта қарауды талап етеді. Қазіргі жалпы білім берудің ұлттық деңгейіндегі басты міндеттердің бірі — әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді қатысуға дайын құзыреттілігі қалаптасқан шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», — деп атап көрсетілген. Осы міндетке сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, белсенділік іс- әрекетке түсе алатын тұлғаны қалыптастыруда оқу экспериментінің орны ерекше [1].

2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, Президенттің халыққа арнаған жолдауларында әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кірудегі міндеттер білімді, талантты, жігерлі, өзіне сенетін арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар құзыретті, шығармашыл жастарға жүктелген [2].

Демек, болашақ жастарымыздың өз мүмкіндіктеріне сенімді болуын қамтамасыз ететін білім берудің жаңа парадигмасы оқытудың субъектілігін мойындайтын, оның әлеуетіне тікелей әсері мол құзыреттілігі қалыптасқан белсенділік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздерін айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

Тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға қатысты мәселелер Әбу Насыр әл- Фараби, Ы.Алтынсарин, философ-ғалымдар Платон, И.Кант, Г.Гегель, және тағы басқалардың зерттеулерінде іс-әрекет рөлінің маңыздылығын айқындау арқылы қаралған. Еліміздегі философтар Ж.М.Әбдилдин, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім және тағы басқалар қоғам дамуы адамның шығармашылық іс- әрекетіне байланысты деп санайды [3].

Алыс және жақын шетел ғалымдары Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Н.Ф.Талызина және тағы басқалар оқушылардың белсенділінің қалыптастырудың психологиялық заңдылықтарын анықтады. Мектеп оқушыларының белсенділік іс-әрекетінің психологиялық заңдылығын Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаев, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев және тағы басқалар айқындады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттарының бірі қоғамның әлеуметтік-экономикалық күрделі өзгерістеріне қарай тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Мұның өзі жалпы білім беретін мектептерде жеке пәндерді оқытуда оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыру міндетін жүктейді.

Қазіргі таңда орта мектептегі білім берудің басты мақсаты — оқушыларға білім беріп, олардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту, оларды кез келген мәселеде оңай шешім таба алатын құзыретті дара тұлға тәрбиелеу. Жалпы орта білім берудің нәтижесі құзыреттіліктер жиынтығын игеруге бағдарлау. Құзыреттіліктің нәтижеге айналуы қазіргі таңда бүкіл өркениетті елдер ұмтылып жатқан жеке. Жоғары дәрежелі жетістіктерге жету үшін осы елдің әрбір азаматының құзыреттілік қабілеті нақты қалыптасқан болуы тиіс [4]. Ал бұндай тұлға қалыптастыру үшін орта мектепте оқытылатын әрбір пәннің өзіндік орыны бар. Солардың бірі биология пәні — тірі табиғатты, оның алуан түрлілігі мен тірі организмдердің құрылысын, қызметін, өсіп дамуын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын оқытатын ғылым. Сондықтан биологияны оқытудағы құзыреттілікті бағытталған тапсырмалар маңызды болып табылады.

Мектеп оқушыларының ой өрісінің дамуы, шығармашылық құзыретінің қалыптасуы ең алдымен сабақта, мұғалім өзінің тәрбиеленушілермен бетпе-бет қалған уақытта жетістікке жетеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылық дәрежесі, білім деңгейі, өздігінен білім алуға үнемі дайын тұруы, яғни қазіргі заман психологиясы мен педагогикасы дәлелдегендей, ой өрісінің дамуы, мұғалімнің таным әрекетін жүйелі ұйымдастыра алуына байланысты. Осы кездегі өзгеріп жатқан қоғам өмірінің әр жылында педагогикалық үдеріс нәтижесі де өзгеруде. Бүгінгі таңда «күндегідей» оқыту және тәрбиелеу жеткіліксіз, адамды өмірге дайындау нобайының өзінде түпкілікті қайда құру және осы жұмысты іс-тәжірибе түрінде өзгерту тиіс. Ғылыми әлем бейнесі қалыптасқан, дүниетанымы ғылыми берік, еркін ойлайтын, батыл, парасатты, рухани байлығы мол, меңгеру қабілеті бар, яғни өзіне, айналадағы адамдарға, қоғамға, табиғатқа деген қарым-қатынасын құратын және құзыреттіліктер жиынтығын игерген адам, құзыретті тұлға керек.

«Білім сапасы» категориясының мазмұнын ашуда «құзырет» ұғымы ерекше орын алады. Зерттеушілердің пікірі бойынша, құзырет тек білімге ғана емес, біліктілікке (тендес болмағанымен) көбірек сай келеді және адамның әр түрлі қажетті салалардан хабардар болуын сипаттайды.

«Құзыреттілік» ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік — бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үдерісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектепте оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәжірибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [5].

Құзыреттілік деп, көбінесе, тұлғаның қызметке өз бетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігінде, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығында көрініс беретін кіріктірілген сапасын түсінеді. «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан [6].

Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар. «Құзырет» және «құзыреттілік» адамның тіршілік қызметінің басқа салаларында да кеңінен қолданылып жүр және олар кәсіби іс-әрекеттің жоғары сапасын көрсетеді.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары алдағы уақытта оқушылардың мәдениеттанымдық іс-әрекетінің күрделі құрылымын бейнелеп, білім беру мазмұнының өзін дамытуға жаңаша сипат беруі мүмкін [7].

Біз «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын нақты мазмұнмен толықтыру арқылы білім беруді, оның ішінде оқушының білімділігін жаңаша сипатта жандандыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, мынадай жағдаяттарда: нақты құбылыстарды танып-білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдауда және өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда, еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірдегі өз орнын анықтауға, өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шеше білу біліктілігін шығарады.

Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында «білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді» делінген [2].

Ақпараттық қоғам жағдайында педагогтың болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштері төмендегідей:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;
- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;
- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір- бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Оқушылардың оқу-танымдық шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың дидактикалық-әдістемелік мәселелерін Г.Давыдова, Н.И.Запорожец және тағы басқалар зерттеген. Осы жұмыстарда оқу жұмыстарында жобалау, зерттеу, құрастыру, оқу экспериментінің мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың тиімді формасы екендігі тұжырымдалған [8].

Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар мен педагогикалық-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруда соған бағытталған тапсырмалардың ғылыми тұрғыда негізделмегенін айқындауға мүмкіндік туғызды. Осы тұрғыдан алғанда келесі қарама-қайшылықтар туындайды:

- мектеп оқушыларына арналған құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыдан негізделмеуі;
- оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін бағытталған тапсырмалардың мүмкіндіктері және оның ғылыми-әдістемелік тұрғыда жеткілікті түрде қамтамасыз етілмегендігі арасында қарама-қайшылықтар кездеседі.

Аталған қарама-

қайшылықтардың дұрыс шешімдерін іздестіру зерттеу мәселесін мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздерін және оның жүзеге асыру әдістемесін айқындау деп белгілеп және тақырыбымызды «Биологияны оқытудағы құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың рөлі» деп таңдап алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу мақсаты.

Құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың биологияны оқытудағы маңыздылығын теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперименттік жұмыс тәсілдері арқылы анықтау. Дербес ғылыми зерттеу және нақты сұрақтармен мәселелерді әзірлеу және зерттеу кезінде тәжірибе жасау әдістемесін игеру.

Зерттеу міндеті. Биологияны оқытуда құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың үлгісін құру. Құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар әдістемесін дайындау. Тәжірибелер жүргізу, ғылыми негізделген қорытынды беру.

Зерттеудің нысаны: жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні: мектеп оқушыларының биологиядан құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері.

Ғылыми болжамы.

Егер адам өміріндегі құзыреттіліктер жиынтығының алатын орны мен маңыздылығын ескере отырып, биологияны оқытуда құзыреттілікті бағытталған тапсырмаларды кеңінен пайдаланып, оқыту үдерісінде құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың ғылыми негізделген әдістемесі жасалса, онда әрбір мектеп бітіруші тұлғектен өмірдегі кездесетін әртүрлі қиындықты — проблемалық жағдайларды қиналмай жеңіп шыға алатын құзыреттілігі қалыптасқан тұлға дамып шығареді.

Жетекші идеясы:

мектеп оқушыларының оқу үдерісінде эксперимент мазмұнында негізгі тапсырмалар арқылы оқу, олардың құзыреттіліктерін және шығармашылығын арттыруға және өз бетінше әрекеттен білуіне ықпалын тигізеді.

Зерттеудің әдіснамалық-теориялық негіздері: тұлғаның мәні туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулердегі негізгі ұстанымдары, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, құндылықтар теориясы, тұлғаға бағдарланған оқыту және жобалау технологияларының теориялық негіздері, тұлғаның құзыреттілігін, шығармашылық әрекетін қалыптастырудағы оқу эксперименті туралы тұжырымдар болып табылады.

Зерттеудің көздері:

- Қазақстан Республикасы заңдары, нормативті құжаттары, оқу экспериментін жүргізуге байланысты ғылыми-әдістемелік еңбектері, тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары;
- алыс және жақын шет ел, Қазақстан ғалымдарының оқу эксперименті бойынша философия, психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми зерттеу еңбектері;
- білім беру жүйесіндегі алдыңғы қатарлы педагогтардың оқу эксперименті бойынша озат іс-тәжірибелер және ғылыми ізденушінің өзінің әдістемесі және зерттеу тәжірибелері.

Зерттеудің әдістері: философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерді талдау, қорыту, мектеп құжаттарын талдау, оқушылармен сауалнамалар жүргізу, шығармашылық жұмыстарын талдау, жалпы білім беретін мектептегі оқу эксперименті бойынша тәжірибе жинақтау, салыстыру, тұжырымдау, математикалық статистикалық зерттеу әдістерін қолдану, бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні: мектептегі оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды; оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру негізінде зерттеушілік құзыреттілік қалыптастыру жолдары жөнінде ұсыныстар берілді.

Зерттеудің базасы. Қарағанды қаласындағы №7, 66 жалпы білім беретін мектептерде бақылау жүргізілді. Зерттеудің көкейкестілігі, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәні, негізгі қағидалары, дәйектілігі мен негізділігі берілді.

«Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындай отырып, «құзыреттілік» ұғымының мәні ашылып берілді. Шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың мүмкіндіктері және үлгісі, компоненттері, көрсеткіштері, өлшемдері мен деңгейлері анықталды.

«Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлімде мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың оқу-әдістемелік жолдары, тәжірибелік жұмыстың нәтижелері айқындалды, ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорытындыда болжамды дәлелдейтін зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары түйінделді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде осы дипломдық жұмысты орындау үшін алғашқы тақырып таңдаудан бастап танысқан, зерттеу барысында талдауға алынған және теориялық негіздерді алған әдебиеттер берілген.

Зерттеудің кезеңдері. Бірінші кезеңде зерттеу тақырыбы бойынша философия, психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдары бойынша «құзыреттілік» сөзінің алатын орны, оқу әрекетіндегі эксперименттің маңыздылығы, сонымен қатар қазіргі білім беру саласындағы құзыреттілікті бағытталған тапсырмаларды оқу эксперименті бойынша қалыптастыру мүмкіндігіне салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Талдау барысында зерттеу жұмысымыздың теориялық негіздері

айқындалып, бұл мәселе төңірегіндегі қайшылықтарға қатысты ғылыми-әдіснамалық аппараты анықталды. Екінші кезеңде зерттеу тақырыбы бойынша «Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлім жазылды. Зерттеу болжамына сәйкес ғылыми зерттеу жұмысының тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары жүргізілуде нәтижесі наурыз айында шығарылады. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалып, дипломдық жұмыс талаптарға сай рәсімделеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі — тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады», — деп атап көрсеткен еді. Яғни білікті, білімді, бәсекеге қабілетті маман кәсіби жағынан ғана шебер болмауы керек, сонымен қатар өз елінің мәдениетін, салт-дәстүрін, мемлекеттік тілді де жақсы білуі керек.

Осы тұрғыда алып қарасақ, ұлттық рухтағы әлемдік білім деңгейі талаптарына сай ұлтжанды азамат тәрбиелеу үшін әр мұғалім күнделікті сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану, құзыреттілік-әрекеттілік тұрғыда оқыту, жаңаша авторлық технологиялар мен бағдарламалар құрастырып, жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Бүгінгі заман әр ұстаздан үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті, құзырлылыққа жету жолындағы инновациялық технологияларды тиімді қолдануды қажет етеді.

Енді білім берудегі құзырлылық тәсіл, мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы мәселесі төңірегінде нақтырақ тоқталып кетсек, қазіргі кезде педагогика мен психология саласында «құзырлылық» ұғымының жалпы қабылданған түсіндірмесі әлі қалыптаспаған. Ғылыми еңбектерде «құзырлылық» пен «құзыреттілік» ұғымдарына түрліше мағына беріліп жүр. Шетелдік түсіндірме сөздіктерде «құзырлылық» ұғымы құзыреттілікті меңгеруші ретінде қарастырылады. «Құзыретті» сөзі французша «заңға сай», латынша «талап қою», ағылшынша «қабілетті» мағынасын білдіреді. Шетелдік ғалымдар құзыреттілік ұғымына білім, біліктілік, білімді тәжірибеде қолдана алу, тереңдетілген білім, кәсіби біліктілік деген сияқты түсінік береді.

Сонымен, «құзырлылық» ұғымына мынадай анықтама беруге болады: «Құзыреттілік — оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік ұтқырлығын анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктер».

Құзырлылық оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл ең әуелі, мектепте оқу үрдісі кезінде қалыптасады. Яғни оқытудағы құзырлылық тәсіл нәтижесі болып білім сапасының көрсеткіші бағаланады.

Өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру құзыреттілік пен әрекеттілік тұрғыда жасалған іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асады.

Бүгінгі күні мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы төмендегідей анықталады:

1. Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік — жасампаз қоғам өмірінде өз рөлін таба білу, азаматтық белсенділік көрсету, саяси жүйені түсініп, әлеуметтік жағдайларға баға беру.
2. Мәдениеттанымдық құзыреттілік — өз халқының және әлемдік мәдениетті түсініп, рухани келісім жүргізе алу.
3. Когнитивтік құзыреттілік — зерттеушілік дағдыларын игеруге мүмкіндік жасайтын өз әрекетіне талдау, қорытынды жасай алу.
4. Коммуникативтік құзыреттілік — байланыстың түрлі объектілерін қолдана отырып, түрлі әлеуметтік топта қарым-қатынас жасай алу, мемлекеттік және шет тілдерді меңгеру.
5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік — білім мен ақпаратты ақпараттық-технологиялар көмегімен жүзеге асыра білу.
6. Әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі — әлеуметтік-қоғамдық өмірде кәсіби бағдарын дұрыс таңдай алу.
7. Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілігі — әлеуметтік-қоғамдық, өмірлік жағдайларда өз мүмкіндігін анықтап, өмірі мен ісіне жауапты қарауды, жеке және қоғам пайдасына сай шешім қабылдауды қарастырады [7].

Сонымен, оқу үрдісіндегі құзырлылық дегеніміз оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егеменді Қазақстан. 1999. № 115,
2. ҚР-да 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы / ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 04 қаңтардағы №1 бұйрығы. Астана, 2006.
3. Жумадиллаева О.А. Психолого-педагогические особенности развития творческой одаренности у детей дошкольного возраста: Дис. ... канд. пед. наук. Алматы,
4. Жантлеуова Ш.К. Профессиональная компетентность будущего учителя в условиях педагогической практики // Вестник КазНУ. Сер. Педагогические науки. 2000. № 12. С. 25–29.
5. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі / Бастауыш мектеп. 2004. № 7. 3–7-б.
6. Баскаев Р.М. О тенденциях изменений в образовании и переходе к компетентностному подходу // Инновации в образо- вании. 2007. № 1. С. 10–15.
7. Володина Ю.А. Компетентностный подход в подготовке школьников к профессиональному самоопределению // Психологическая наука и образование. 2008.
8. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. Қарағанды: «Санат-Полиграфия», ЖШС, 2006. 344 б.

Резюме

В статье исследованы вопросы задания направленные на развитие познавательных компетенций учащегося

Summary

In the article questions of the task directed on development of cognitive competencies of the student

УДК 82-1/-9

¹Сарсенбекова А.А., ²Елубаева Л.С.

¹Директор Неполной средней школы №16, г. Петропавловск, Казахстан

²Учитель русского языка и литературы Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления, Шымкент, Казахстан

lazzat102827@gmail.com

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ЗАДАЧ PISA (АНАЛИЗ ТЕКСТОВ РАЗНЫХ ЖАНРОВ)

Резюме

В данной статье поднимается проблема читательской грамотности, которую необходимо развивать у современного школьника. Предлагаются эффективные пути решения данной проблемы по развитию самостоятельной деятельности учащихся, развитие коммуникативных навыков. Описаны методы подбора текстов и разработок письменных заданий.

Ключевые слова: читательская грамотность, современный школьник, самостоятельность, подбор текстов, письменные задания.

Актуальность обращения к разработке заданий по международной сравнительной оценке грамотности чтения вызвано рядом общественно-экономических проблем современного мира, основные приоритеты которого заложены в Концепции модернизации казахстанского образования на 2011-2020 годы [1].

Высокий уровень показателей математической, естественнонаучной, читательской компетентности позволяет говорить о стратегической роли международных исследований PISA, TIMSS, PIRLS [2], как показателя конкурентоспособности страны в области фундаментальных инновационных технологий.

Развитие у обучающихся школьников навыков умения осмысливать ситуацию, анализировать и прогнозировать с учетом реального исходного положения, а также умения разрабатывать альтернативные пути решения проблемы, становятся жизненно-важными компетенциями, которые необходимо развивать у современного школьника.

Обновленная модель современной казахстанской системы обнажила некоторые существующие проблемы. Функциональная грамотность – это тот уровень, который овладевает ученик за время обучения в основной школе. Однако, есть проблемы при обучении грамотности чтения, которые заключаются в слабых навыках и умениях применять эти задания для всей категории обучающихся. Не секрет, что в общеобразовательных школах сохраняется вектор «обучение для всех», без учета индивидуальных особенностей, уровня его потенциальных способностей, творческих возможностей. Усилия большинства учителей акцентировано на возможность «передать» тему, изучить текст с использованием различных методов и технологий.

Такой подход к целевому содержанию образованию выдвигает высокие требования к самостоятельной деятельности обучающихся, способность самостоятельно оценивать собственную траекторию обучения, самостоятельно подбирать решения, осуществлять поиск альтернативных путей и другие виды. Однако, инновационные преобразования в образовании вызывают противоречия, которые связаны множествами факторами:

(психологический аспект) процесс необходимых инновационных преобразований в сознании многих людей проходит интенсивную интерпретацию;

(социальный аспект) В социуме происходят глобальные преобразования почти во всех сферах жизнедеятельности человека, при этом насыщенность информацией не делает общество готовым к тому, чтобы вносить эти преобразования. Большая часть общества практически «плывут со всеми», не задумываясь глубинной сути происходящего.

(педагогический) Результаты оценивания обучающихся основываются, к сожалению, по принципу того, насколько они демонстрируют знания, умения и навыки обучающихся по предметным областям.

Обновленная программа образования кардинально изменила принципы и суть самого содержания. Новая парадигма обучения основана на принципиально новых позициях **«обучение тому, как обучаться», «чему и как учить детей в 21 веке»**[3]. Эти позиции отражают суть жизненно-важных компетенций, необходимых для овладения и умению их применять в реальных жизненных ситуациях. Формированию таких качеств и компетенций способствует читательская грамотность.

Обучение читательской грамотности, в контексте международных исследований, подразумевает осмысление письменных текстов и рефлексии на них. Читательская грамотность способствует выработке навыков: способность решать жизненные задачи в различных сферах жизни;

- умения вносить коррективы в собственный образовательный маршрут;
- умения разрабатывать различные сценарии разрешения проблем;
- умения создавать письменные задания разного стиля и вида;
- способность осмысливать и проводить рефлексию и др.

Проведенное исследование в действии по изучению того, какие пути станут эффективными для развития самостоятельной деятельности учащихся, развитие коммуникативных навыков, позволило обозначить проблемные зоны в практике обучающихся. При этом, следует признать, что в различных регионах, которые мы представляем (северный и южный), доминируют свои особенные **проблемные зоны:**

- слабый словарный запас слов, в силу которого порождаются другие проблемы - ведения дискуссии, диалога, научными статьями, текстами разных жанров;

- при высокой степени коммуникации присутствуют несформировавшиеся навыки и умения решать задачи PISA, TIMSS, PIRLS.

В практике исследования в действии нами был сделан упор на развитие самостоятельной деятельности обучающихся. Ссылаясь на научные теории и практику А.Н. Леонтьева [4], Белозерцева Е.П.[5], В.В. Давыдова[6], под **самостоятельной деятельностью** понимается целенаправленная деятельность обучающегося, направленная на достижение результата. При этом ученик сам обдумывает, какие способы, пути решения отбирать для ее достижения.

Мы обнаружили, что развитие самостоятельной деятельности формирует исследовательскую культуру обучающегося. Решение задач, способствующих развитию функциональной грамотности PISA, вызвали у обучающихся чувства удовлетворенности собственной работой. А это очень важный компонент. Важная мотивационная составляющая может означать, что ученик погружается в собственный процесс обучения, познания, поиска, а значит ему становится важным процесс не получения предметных знаний, а процесс обдумывания, осознания, поиска путей

решения и оценивания. Это, по-нашему мнению, самый важный процесс. Именно процесс обдумывания формирует метанавыки, развивает функциональную грамотность.

Результатом такого исследования стали разработанные задачи PISA по анализу текстов разных жанров.

В разработанных заданиях с учетом вышеописанных проблем, связанных с формированием грамотности чтения, предложены письменные задания по уровням сложности и уровням деятельности. Такой подход позволяет учитывать потенциальные возможности и когнитивные навыки обучающегося.

Исключительной особенностью подбора предлагаемых задач по осмыслению, анализу и интерпретации письменных работ следует выделить такую важную составляющую, как **деятельность**. В предложенных заданиях **деятельность** включает различные модели формирования читательской компетенции:

- критическая оценка информации, аргументированное изложение собственной точки зрения (рефлексия и оценка);
- анализ отношения «форма-смысл текста», доопределение вопроса;
- анализ формы и содержания текста с точки зрения его адресованности, обоснование гипотезы;
- выявление и сопоставление информации;
- поиск и выявление информации и др.

Образец задачи:

Текст 4

Когда речь заходит о генетически модифицированных продуктах, воображение тут же рисует грозных мутантов. Легенды об агрессивных, вытесняющих из природы своих сородичей трансгенных растениях, неискоренимы. Но, может быть, нам просто не хватает информации? Что за чудо. На вид они соблазнительны и выглядят аппетитнее «натуралов». Чистенькие, мало отличающиеся друг от друга клубни картофеля, помидоры правильной формы, попкорн из калиброванных кукурузных зерен, рис с повышенным содержанием витамина А. Мало того, новые суперпродукты часто оказываются дешевле обычных. Что же скрывается за пугающим названием "генетически модифицированные", или "трансгенные"? Это продукты, полученные из организмов, преимущественно растений, в ДНК которых введен особый, не данный им от природы ген. В процессе развития этот ген наделяет своего "хозяина" новыми свойствами. Например, выведен картофель, вредный для колорадского жука: поев его листьев, тот мгновенно подыхает. Томаты или огурцы, побывавшие в руках генных инженеров, дольше хранятся и не портятся. Коровы дают молоко повышенной жирности. Свины – больше мяса и меньше жира. Суть генной инженерии сводится к тому, что берется ген, встраивается в клетку, которая потом размножается и распространяет внесенную информацию.

Задание 1. В названии статьи есть сочетание «трансгенные продукты». Отметьте слова или сочетания слов, которые обозначают то же самое.

- A. Генетически модифицированные продукты
- B. Суперпродукты
- C. Продукты первого поколения
- D. Фантастические продукты
- E. Растения-лекарства
- F. ГМ-продукты.

Объясните, почему вы не выбрали другие ответы.

Задание 2. Перечислите растения, при выращивании которых применяются методы генной инженерии _____

Задание 3. Выполните один из вариантов задания: Вариант 1: Как вы думаете, все ли существующие сейчас генетически модифицированные растения перечислены в данной статье? Обоснуйте ответ. Вариант 2: С. прочитал статью Ю. Борты в газете «АиФ-Здоровье» и решил: помидоры, огурцы, картошку придется выращивать на своем огороде, а кабачки, капусту и морковь можно покупать в магазине – до них генная инженерия еще не добралась. Можно ли сделать такой вывод на основе прочитанной вами статьи? Ответ обоснуйте.

Задание 4. В статье говорится о нескольких этапах развития биотехнологии. Какие названия вы могли бы дать этим этапам, если 1) вы готовите сообщение для урока биологии; 2) вам нужно подготовить короткий рекламный текст о генетически модифицированных продуктах.

Задание 5. Статья называется «Трансгенные продукты: есть или не есть?». Достаточно ли в приведенном тексте информации, чтобы ответить на этот вопрос? Выберите вариант ответа и закончите фразу. А.

Я думаю, достаточно, потому что

В. Я думаю, недостаточно, потому что

Особенностью предлагаемых заданий является критериально - оценочная система выполнения заданий. В ходе выполнения заданий ученик осуществляет разные уровни деятельности: от знания и понимания до синтеза и оценки. Для учителя такой подход к письменным заданиям позволяет провести формативную и суммативную оценку.

Проведенный анализ исследований позволил выделить, пожалуй один из важных составляющих целостности процесса обучения, в контексте которого разработка PISA задач выводит самостоятельную деятельность обучающихся на новый уровень – функциональную грамотность.

Литература

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 г. № 922 «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года»; Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 г. № 957 «Об утверждении Перечня государственных программ»
2. Организация и проведение международных сравнительных исследований оценки образовательных достижений обучающихся (TIMSS, PISA, PIRLS) <https://infourok.ru/material.html?mid=164399>
3. Руководство для учителя 3 базовый уровень. Астана, 2012
4. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. 2-е издание - М.: Политиздат, 1977 - 304 с.
5. Белозерцев Е.П. Высшая педагогическая школа в системе непрерывного педагогического образования учителя: Автореф. дис.д-рапед. наук М., 1990.-48 с.
6. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. М.: Педагогика, 1986. -240 с.
7. Современное состояние и перспективы развивающего обучения. -М.: Педагогика, 1990. 183 с.

Түйін

Әзірге біз тек жеке кездейсоқ айнымалы мәндерді қарастырдық. Табиғатта, осы мақалада келтірілген құбылыстар уақыт пен кеңістікте жүргендіктен, біз кездейсоқ шамалармен, ал уақытқа тәуелді кездейсоқ айнымалы отбасымен жұмыс істемейміз.

Summary

The given article concerns with the problem of literacy, which must be developed in the modern student. Effective ways of solving the problem for the development of students' independent activity and communication skills are offered further. Methods for texts selecting and developing written assignments are described.

¹Сыздық Ж.Ж., ²Жаналиева Ж.Б.

¹М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

²Қазығұрт №66 жалпы орта мектебінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

jan.janat_82@mail.ru

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕМШІЛІКТЕР

Түйін

Тіл мәдениетіне тән нормалар оқушылардың таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды.

Кілттік сөздер: қазақ тілі, сөйлеу, мәдениет, стиль, норма, морфология, синтаксис

Сөйлеу мәдениеті жастардың оқу сауаттылығындағы тіл ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Сонымен қатар, олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі жазу дағдыларын қалыптастыруға тиіс. Алдымен «тіл мәдениеті, яғни сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?» деген сұраққа жауап ретінде М.Балақаевтың : «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [2,17], ғалым Н.Уәлиевтің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деген анықтамалары дәлел. Сонымен қатар тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», – дейді [5,24-25].

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз - ең алдымен, ауызша және жазбаша әдеби тіл өлшемдерін, яғни айтылу ережелерін, екпін, сөз саптау, грамматикалық және стильдік ерекшеліктерін, сонымен қатар тілдің барлық мәнерлі амал-тәсілдерін айтылған ойдың мазмұнына сай қарым-қатынас процесі барысында қолдана алу әрекеті.

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, т.б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс.

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұн «*ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз*» деп тауып айтқан[2].

Көне замандағы мәдениет ошақтарының бірі – шумерлердің тас табақтарына былай деп жазылған екен: «...*аузыңа абай бол, көкейдегі ойды айтуға асықпа, ойланбай сөйлесең, опық жейсің...*», ал мексика халықтарында «*сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын*» десе, үнді заңында «*қандай бір қиын жағдайда да балағат сөзге тыйым салынады, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын*» делінген. Бұл адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын, жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған жауапкершілік[3].

Адами қарым-қатынастағы маңызды іс-әрекеттің бірі – сөйлесу болып табылады. Сөйлеу мәдениеті тілден, тілдің тазалығынан бастау алады. Әрбір айтылған сөз арқылы адамның ой-өрісінің, ақыл-парасатының, рухани байлығының қандай екенін білуге болады.

Ауызша әдеби тілге қойылатын талап – сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс айту, дұрыс дыбыстау. Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу үстіндегі айтылуы әрдайым бірдей болып келе бермейді. Сөйлеу үстінде немесе жазылғанды оқып беру процесінде сөздер бір-бірімен үйлесіп жатады. Бұл үйлесімділік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын өзгертуге, кейде тіпті жоғалтуға дейін алып барады. [2,3-5].

Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. Дөрекі, былапыт, боқтық сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі. Қазіргі қоғамда бұлардың жарыққа шығып, ашық түрде айтылу (легизациялану) қауіпі жоқ емес. Телеэкранда көрсетілетін шетелдік мазмұны төмен фильмдер, видеофильмдердің әсерінен жастар арасында дөрекі, былапыт сөздер етек ала бастады.

Сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс – сөйлеу қателіктері. Сөйлеудегі қателіктер, адамның тілдік құралдардың стилистикалық «реңктерін» білмеуден туады. Тілді жұмсауда күнделікті өмірде түрлі нормадан ауытқулар болып жатады. Бұлардың барлығы стилистикалық қателер болып табылады. Мұндай қателер көп жағдайда тілдік талғамның төмендігінен болады. Тілдік талғам – тілді, сөзді жұмсап уйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет.

Стилистикалық қатенің түрлері бойынша төмендегідей топтастырылады:

1.Қазақ тілінің стилистикалық ресурстарын толық білмеудің салдарынан болатын стилистикалық қателер:

1.Сөздік қордың жетіспеуі:

А.Бір мәтінде бір сөздің немесе түбірлес сөздердің себепсіз қайталауы;

Ә. Плеоназм және тавтологиялық сөз қолданысының салдарынан сөйлеу тілінің көріксіз кедей болуы;

2.Штамп сөздердің қолданылуы;

3.Қыстырма сөздерді орынсыз қолдану;

4.Әдеби тілге жатпайтын сөздерді себепсіз қолдану;

5.Тілдің көріктеу құралдарын керекті жерінде пайдаланбау.

2.Тілдік-стилистикалық талғамның төмендігінен болатын стилистикалық қателер;

1.Бояма сөздерге құмар болу;

А.Сындық мәні бар сөздерді дұрыс таңдай алмау;

Ә.Әдемілік үшін ойланбай қолданылған сәтсіз теңеулер мен бейнелі сөздердің болуы;

2.Түрлі стильдің лексикасын пайдалану, соның ішінде ауызекі, кітаби лексиканы себепсіз қолдану.

3.Функционалдық стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер;

4.Мәтіндегі мағынаны ескермеуден болатын қателер

3.Функционалды стиль нормаларының сақталмауынан болатын стилистикалық қателер

Стилистикалық емес қателер:

1.Лексикалық қателер;

2.Фразеологиялық қателер;

3. Морфологиялық қателер;

4.Синтаксистік қателер.[4].

Сөйлеу мәдениеті әрбір адамның ішкі мәдениетіне тікелей тәуелді болғанымен, әсіресе, жастар арасында өздерінше заманауи, сәнді әрі өздерінше уақыт деңгейінен қалмағандығын дәлелдетуге тырысатын сөздер қазірде жеткілікті. Бұл сөздер қылмыс әлемінің жаргондары мен лексикасы, десек те, кейбір жастар оларды мейілінше қолданады. Бұл талапқа қазіргі жастардың сөйлеу әдеби қаншалықты сәйкес келетінін талдап көрейік.

Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу мәдениетінде кездесетін кемшіліктер:

1)тілімізде бөгде сөзді қалай болса солай араластырып қолдана береді.Мысалы, остановкада тұр, звонить етті т. б.

2)басқа тілден екінші тілге сөз алу, жаңа ұғымның пайда болу барысындағы жеңіл калькалар кездеседі. Мысалы, түбек дегенді жарты арал, саулық қой дегенді аналық бас т. б.

3) жергілікті говор, диалект сөздерді таңдамай, сараламай қолдану. Мысалы, бойлай (үнемі, өне бойы), бәткерле қылу (әшкереледі), шекейін (дейін, шейін) т. б.

4)ойға басы артық, қыстырма сөздерді жиі қолдану. Мысалы: әлгі, я, мәселен, яғни, мінеки, сосын т. б.

5) орыс тілінен енген сөздерді қолдану. Мысалы: 1. Алматыда жаңа площадь, дворец бар. 2. Медео – дүние жүзіндегі көрікті де сұлу мұз айдыны. 3. Қала сыртында көптеген дачалар т. б. бар.

Сандай-ақ қазіргі қазақ жастарының ішінде сөйлеу тілінде стильдік- лексикалық қателермен қатар, тілдің көркемдегіш және бейнелегіш құралдарын қолдана білмейтіндері де кездеседі.

а) сөзді көркемдік мақсатта қолдануда қате жібереді. Мысалы: Біржан Сараны күшті ақын екендігінен жеңген жоқ.Мұндай қателерді сөздердің ауыспалы мағынасы мен стильдік реңін жете түсінбегендіктен жіберіледі:

ә) фразеологиялық тіркестердің мағынасын түсінбей қолданудан туған қателер. Мысалы: Біздің балалардың қуанғанынан жүрегі қарс айырылды (жүрегі қарс айырылған адам қуанбайды, қайғырады, ашуланады). Олардың көшесі жүзіктің көзінен өткендей (жүзіктің өткендей деген фразеологизм әдемі, сұлу мағынасын аңғартқанымен көше, қала, ауыл сияқты мекен-орынды білдіретін жерлерге қолданылмайды).

б) фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздерді өзгертіп қолданудан туатын қателер. Мысалы: Ойға батқан батырдың қабырғасы майысты (қайысты деген дұрыс).

в) фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздердің орнын ауыстырып қолданудан туатын қателер. Мысалы: Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен күн көргендерді сынады (дұрысы: ауырдың үсті, жеңілдің астымен).

Тіл – қай ұлттың болса да мәдениетінің, тарихының, салт-дәстүрінің көрінісі, ұлт айнасы. Азамат тарихы шексіз өрлеу үстінде сияқты, көрінгенімен, әрдайым өзін-өзі қайталай бергендігі, ең алдымен, тіл арқылы ілім-білімінің, мәдениетін түгендей жүретіндігінен байқалады. Өркендеу заманы каншалықты шарықтау шыңына шықса да, ұлт мәдениетін ұлт тілінен бөліп алуға болмайды.

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін танып білу үшін кейбір факторларды ескеру керек. Қазақ еліндегі дала заңдарының ерекше ықпалымен қалыптасқан рухани мәдениеттің бертін келе дәстүр жалғастығы биігіне көтерілуі және оның өміршең болып сақталуы тек тілге ғана қатысты. Демек, мәдениеттің қай түрін алсақ та, оның түрі мен мазмұны тек сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген. Ендеше тіл арқылы мәдениеттану – ұлттың, халықтың кешегісі мен бүгінгісін тану.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анадай сүю.

